72. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарында МСАК ұйымының негізгі кіреберісі арқылы «сүзгіге» кіруге жол берілмейді.

73. МСАК ұйымына кіреберісте сүзгінің орналасқан орны туралы тиісті көрсеткіштер орнатылады.

74. МСАК ұйымдарының үй-жайына дене температурасы жоғары адамдардың кіруіне жол берілмейді.

75. COVID 19-ды жоққа шығармайтын белгілері бар адамдар изоляторға оқшауланады.

76. Дәрігер тексергеннен кейін пациент амбулаториялық емдеуге жіберіледі немесе инфекциялық стационарға жатқызылады.

77. МСАК ұйымдарында күндізгі қабылдауларды және пациенттердің үйіне баруды жүзеге асыру тек медицина персоналы тиісті ЖҚҚ-мен жарактандырылғанда және медицина персоналы ЖҚҚ-ны пайдалану және кәдеге жарату қағидаларына оқытылғанда ғана мүмкін болады.

78. Пациенттерді қабылдау алдын ала жазылу бойынша ғана жүзеге асырылады. Пациенттердің МСАК ұйымының дәлізінде немесе холлында дәрігердің қабылдауына өз кезегін күтуге жол берілмейді.

Қарағанды облысының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің
2021 жылғы «___»____
№____ қаулысына
5 қосымша

COVID-19 кезінде жеке қорғаныш құралдарын пайдалану алгоритмі

Медицина қызметкерлері медициналық ұйымдарда өзін қорғау және COVID-19-дың берілуінің алдын алу үшін сақтық шараларын сақтауы қажет.

Медициналық ұйымдағы кез келген адам ықтимал жұқтырған немесе вирусты тасымалдаушы болып табылады және инфекция көзі болуы мүмкін деп болжай отырып, стандартты сақтық шараларын сақтауы қажет.

Медицина қызметкерлері пациентпен кез келген тікелей байланысқа дейін және одан кейін, ықтимал инфекциялық материалмен жанасудан және киіну алдында және жеке қорғаныш

құралдарын (бұдан әрі – ЖҚҚ), оның ішінде қолғаптарды шешкеннен кейін қол гигиенасын сақтауы қажет.

Жеке қорғаныш құралдары (ЖҚҚ) - бұл оларды киетін адамды инфекция жұқтырудан қорғауға арналған арнайы түрде құрастырылған киім және жабдық (қорғаныш көзілдірігі, бет қалқаншалары, респираторлар).

ЖҚҚ жиынтыққа кіретін компоненттерге байланысты қызметкерді қорғаудың әртүрлі деңгейін қамтамасыз етеді. ЖҚҚ-ны жұқтыру қаупіне (мысалы, жұмыс немесе іс-әрекет түріне) және вирустың берілу механизміне (мысалы, байдланыс, тамшы арқылы немесе аэрозольді) қарай пайдалану қажет.

ЖҚҚ жиынтығына байланысты қорғаудың үш деңгейіне бөлінеді (1-кесте).

1-кесте

Қорғау деңгейі	ЖҚҚ компоненттері
1-қорғау (барынша аз)	Бір рет қолданылатын медициналық бас киім Тәуекел дәрежесіне байланысты респиратор (N95 немесе FFP3) немесе бір рет қолданылатын медициналық маска Бір рет қолданылатын тоқылмаған материалдан жасалған ұзын жеңді және арқасында байламы бар халат Нитрил/латекс қолғаптар
2-қорғау (орташа)	Бір рет қолданылатын медициналық бас киім N95 немесе FFP3 респираторы Бір рет қолданылатын тоқылмаған материалдан жасалған ұзын жеңді және арқасында байламы бар халат немесе бір рет қолданылатын капюшоны бар қорғаныш комбинезоны Егер халат (комбинезон) сұйықтықтарға төзімді болмаса, алжапқыш қажет. Нитрил/латекс қолғаптар Қорғаныш көзілдірігі немесе бетке арналған қорғаныш қалқан Су өткізбейтін материалдан жасалған ауыстыратын жұмыс аяқ киімі
3-қорғау (барынша жоғары)	Бір рет қолданылатын медициналық бас киім Тәуекел дәрежесіне байланысты ауаны мәжбүрлеп беретін сүзгі респиратор (PAPR) немесе N99, FFP3 типті респираторлар Бір рет қолданылатын капюшоны бар қорғаныш комбинезоны немесе жеңі ұзын және арқасында байламы бар тоқылмаған материалдан жасалған бір рет қолданылатын халат Егер халат (комбинезон) сұйықтықтарға төзімді болмаса, биологиялық сұйықтықтардың шашырауы қаупі кезінде алжапқыш қажет. Нитрил/латекс қолғаптар Қорғаныш көзілдірігі немесе бетке арналған қорғаныш қалқан Су өткізбейтін материалдан жасалған ауыстыратын жұмыс аяқ киімі

№2-қорғау деңгейін қамтамасыз ететін ЖҚҚ жиынтығында респираторлар тапшы болған жағдайда медициналық маскаларды тағуға жол беріледі. Бұл жағдайда көзді қорғау үшін бет қалқаншалары қолданылады. Медициналық маскалар кемінде екі сағат сайын ауыстырылуы тиіс. Маскаларды ылғалдауға тыйым салынады.

Бірдей диагнозы бар бірнеше пациенттермен жұмыс істеген кезде респираторды шешпей, бір N95, FFP3 респираторын немесе FFP2, FFP3 стандарты бойынша киюге рұқсат етіледі. Бір респираторды **8 сағаттан астам** уақыт бойы пайдалануға жол берілмейді.

Медицина қызметкерлері мен кіші медицина персоналы, техникалық персонал ЖҚҚ-ны дұрыс кию, шешу және кәдеге жарату техникасы бойынша нұсқамадан өтеді.

Әрбір медициналық ұйымда ЖҚҚ-ны пайдалануға бақылау жүргізетін жауапты адам тағайындалады.

COVID-19 науқастарын емдеуде қолданылатын ЖҚҚ-ның типі қызмет түріне байланысты болады (2-кесте).

2-кесте

**COVID-19 инфекциясы кезінде жағдайларға,
персонал және қызмет түріне байланысты жеке қорғаныш құралдарын (ЖҚҚ) таңдау
жөніндегі ұсынымдар**

Байланыста болу шарттары	Медицина персоналы немесе пациенттер	Қызмет түрі	Ұсынылатын ЖҚҚ түрі
Амбулаториялық мекемелер			
Науқастарды медициналық ұйымдарда сұрыптау (емхана алдында немесе оған кіреберісте физикалық кедергілер орнату (мысалы, шыны немесе пластик терезелер))	Медицина қызметкерлері Пациенттер	Тікелей байланыссыз алдын ала скрининг Кез келген	Кем дегенде 1.5 және қашықтықты сақтау. ЖҚҚ: бір реттік медициналық қалпақ Медициналық маска Жұмыс киімі (медициналық халат немесе костюм) Ауысымды жұмыс аяқ киімі Физикалық кедергілер болмаған кезде бетке арналған қорғаныс көзілдірігін немесе қорғаныс қалқанын пайдалану қажет Кемінде 1,5 метр қашықтықты сақтау. Медициналық маска, егер ол оны қолдана алса
Дәрігердің қабылдау бөлмесі (консультация беру кабинеті, «сүзгі» кабинеті)	Медицина қызметкерлері	Респираторлық белгілері бар және/немесе COVID-19 күдігі бар пациентті медициналық тексеру	Бір рет қолданылатын медициналық бас киім Медициналық маска немесе респиратор N95 немесе FFP3 Жұмыс киімі (медициналық костюм) Ұзын жеңді және арқасында байламы бар тоқылмаған материалдан жасалған бір рет қолданылатын халат Нитрил/латекс қолғаптар Қорғаныш көзілдірігі немесе бетке арналған қорғаныш қалқаны Су өткізбейтін материалдан жасалған ауысымды жұмыс аяқ киімі
Дәрігердің қабылдау бөлмесі	Медицина қызметкерлері	Респираторлық белгілері жоқ	ЖҚҚ: қалауынша медициналық бас киім бір рет қолданылатын

(консультация беру кабинеті)		және/немесе COVID-19 күдігі жоқ пациентті медициналық тексеру	Жұмыс киімі (медициналық халат немесе костюм) Қауіпті бағалауға сәйкес тексеру және/немесе медициналық манипуляция жүргізу кезінде нитрил/латекс қолғаптар Су өткізбейтін материалдан жасалған ауысымды жұмыс аяқ киімі
	Кіші медицина персоналы		ЖҚҚ: қалауынша медициналық бас киім бір рет қолданылатын Медициналық маска Жұмыс киімі (медициналық халат немесе костюм) Тығыз қолғап (шаруашылықта қолданатын резеңке) Бөтеңке немесе жабық жұмыс аяқ киімі * Сүзгі кабинетінде және пациентті сұрыптау аймағында жұмыс істеу кезінде бетке арналған қорғаныш көзілдірігін немесе қорғаныш қалқанын пайдалану қажет. Ұзын жеңді және байламы бар тоқылмаған материалдан жасалған бір реттік халат
Әкімшілік үй-жайлар	Медициналық ұйымның қызметкерлері	Пациенттер болмайтын аймақ	Кемінде 1,5 м қашықтықты сақтау. Медициналық маска Медицина қызметкерлеріне арналған жұмыс киімі (медициналық халат немесе костюм)
Үй ошағы	Медицина қызметкерлері	Пациентті медициналық тексеру	Бір рет қолданылатын медициналық бас киім (қалауынша) Медициналық маска немесе N95 немесе FFP3 респираторы Ұзын жеңді және арқасындағы байламы бар тоқылмаған материалдан жасалған бір рет қолданылатын халат Пациентті қарау кезінде нитрил/латекс қолғаптар Қорғаныш көзілдірігі немесе бетке арналған қорғаныш қалқаны Медицина қызметкерлері бір ошақта пациенттер немесе байланыста болған адамдар арасында қолғапты міндетті түрде ауыстырады, пәтерлер (үйлер) арасында бір реттік халатты міндетті түрде ауыстыру қажет

	Медицина қызметкерлері	Байланыста болғандардан немесе науқастан ПТР-ға үлгіні іріктеу	Бір рет қолданылатын медициналық бас киім (қалауынша) Медициналық маска немесе N95 немесе FFP3 респираторы Ұзын жеңді және арқасындағы байламы бар тоқылмаған материалдан жасалған бір рет қолданылатын халат Нитрил/латекс қолғаптар Қорғаныш көзілдірігі немесе бетке арналған қорғаныш қалқаны * Медицина қызметкерлері бір ошақта пациенттер немесе байланыста болған адамдар арасында қолғапты міндетті түрде ауыстырады, пәтерлер (үйлер) арасында бір реттік халатты міндетті түрде ауыстыру қажет Кемінде 1,5 метр қашықтықты сақтау. Медициналық маска, егер ол оны қолдана алса
	Пациенттер	Медицина қызметкерінің қарап-тексеруі кезінде	
COVID-19-ға күдікті, ықтимал және расталған жағдайлары бар пациенттерді емдеуге жатқызуға арналған медициналық ұйымдар			
Пациент палатасы	Медицина қызметкерлері	COVID-19-ға күдікті немесе расталған науқастарға тікелей медициналық көмек көрсету.	Бір рет қолданылатын медициналық бас киім Респиратор N95 немесе FFP3 Бір рет қолданылатын тоқылмаған материалдан жасалған ұзын жеңді және арқасында байламдары бар халат Егер халат сұйықтықтардың шашырауына төзімді болмаса, алжапқыш қажет. Нитрил/латекс қолғаптар Қорғаныш көзілдірік немесе бетке арналған қорғаныш қалқан Су өткізбейтін материалдан жасалған ауысымды жұмыс аяқ киімі
	Медицина қызметкерлері	Аэрозольдердің пайда болуымен байланысты емшаралар үшін (мысалы, кеңірдектің интубациясы, инвазивті емес жасанды желдету, трахеостомия, жүрек-өкпе реанимациясы,	Бір рет қолданылатын медициналық бас киім Тәуекел дәрежесіне байланысты бар болса ауаны мәжбүрлеп беретін сүзгі респиратор (PAPR) немесе N99, FFP3 типті респираторлар Жұмыс киімі (медициналық костюм) Капюшоны бар бір рет қолданылатын суға төзімді қорғаныш комбинезоны немесе

		интубация алдында қол құралдарының көмегімен жасанды желдету, бронхоскопия) және қарқынды терапия бөлімшесі	ұзын жеңді және арқасындағы байламы бар тоқылмаған материалдан жасалған бір рет қолданылатын халат Егер халат (комбинезон) сұйықтықтарға төзімді болмаса, биологиялық сұйықтықтардың шашырау қаупіне алжапқыш қажет Нитрил/латекс қолғаптар Су өткізбейтін материалдан жасалған ауысымды жұмыс аяқ киімі
	Пациенттер	Кез келген	Пациентке медициналық маска беру, егер ол оны пайдалана алатын болса
	Кіші медицина персоналы	COVID-19 науқас палатасына кіру	Бір реттік медициналық бас киім N95 немесе FFP3 респираторы Жұмыс киімі (медициналық костюм) Ұзын жеңді және арқасындағы байламы бар тоқылмаған материалдан жасалған бір рет қолданылатын халат Егер халат сұйықтықтарға төзімді болмаса, биологиялық сұйықтықтардың шашырау қаупіне алжапқыш қажет. Тығыз резеңке қолғап (шаруашылыққа арналған) Қорғаныш көзілдірік немесе бетке арналған қорғаныш қалқаны Бәтеңке немесе жабық жұмыс аяқ киімі * Техникалық персонал тазалау кезінде палаталар арасында қолғап пен бір рет қолданылатын халатты ауыстыруы керек
Covid-19 күдікті немесе расталған жағдайы бар пациенттерге хирургиялық және акушерлік көмек көрсету кезінде	Медицина персоналы	Операция және босандыру блогы	Бір реттік медициналық бас киім Бар болған кезде мәжбүрлі ауа беретін сүзгі респиратор (PAPR) немесе тәуекел дәрежесіне байланысты клапансыз N95, FFP2, N99, FFP3 типті респираторлар Жұмыс киімі (медициналық костюм) Капюшоны бар бір рет қолданылатын суға төзімді қорғаныш комбинезоны немесе ұзын жеңді және арқасындағы байламы бар тоқылмаған материалдан жасалған бір рет қолданылатын халат

[illegible]

			міндетті түрде ауыстыруы тиіс
Таза аймақ Пациенттер жоқ әкімшілік аймақ	Медицина қызметкерлері мен кіші медицина персоналы техникалық персонал	Пациенттің күтіміне байланысты емес кез келген	Кемінде 1,5 м қашықтықты сақтау. Медициналық маска Медицина қызметкерлеріне арналған жұмыс киімі (медициналық халат немесе костюм)
Инфекциялық емес стационарлар			
Науқастарды стационарға кіреберісте қабылдау бөліміне дейін сұрыптауды ұйымдастыру, сұрыптаудың медицина персоналын ЖҚҚ-мен қамтамасыз ету, физикалық кедергілерді (мысалы, шыны немесе пластикалық терезелер) орнату және кем дегенде 1 м қашықтықты сақтау ұсынылады. ЖҚҚ: қалауынша бір рет қолданылатын медициналық бас киім. Медициналық маска. Жұмыс киімі, Ауысымдық жұмыс аяқ киімі. Физикалық кедергілер болмаған кезде бетке арналған қорғаныш көзілдірікті немесе қорғаныш қалқанын пайдалану қажет			
Респираторлық инфекция белгілері бар науқастарды қабылдауға арналған қабылдау бөлмесі	Медицина қызметкерлері Пациенттер	Респираторлық симптомдары бар пациентті медициналық тексеру Кез келген	Бір рет қолданылатын медициналық бас киім Медициналық маска немесе респиратор N95 немесе FFP3 Жұмыс киімі (медициналық костюм) Ұзын жеңді және арқасында байламы бар тоқылмаған материалдан жасалған бір рет қолданылатын халат Нитрил/ латекс қолғаптар Қорғаныш көзілдірігі немесе бетке арналған қорғаныш қалқаны Су өткізбейтін материалдан жасалған ауысымды жұмыс аяқ киімі Пациентке медициналық маска беру, егер ол оны пайдалана алатын болса
Респираторлық белгілері жоқ және COVID-19-ға күдігі жоқ науқастарды қабылдауға арналған	Медицина қызметкерлері	Медициналық тексеру	Қалауынша медициналық бас киім бір рет қолданылатын Медициналық маска Жұмыс киімі (медициналық халат немесе костюм) Тәуекелді бағалау бойынша нитрил/латексті қолғаптар

қабылдау бөлмесі			Су өткізбейтін материалдан жасалған ауысымды жұмыс аяқ киімі
Пациент палатасы	Медицина қызметкері	Пневмониясы бар немесе COVID-19 жоққа шығармайтын науқастарға медициналық көмек көрсету	Бір рет қолданылатын медициналық бас киім Тәуекел дәрежесіне байланысты респиратор N95 немесе FFP3 Бір рет қолданылатын тоқылмаған материалдан жасалған ұзын жеңді және арқасында байламдары бар халат немесе бір рет қолданылатын капюшоны бар қорғаныш комбинезон Егер халат (комбинезон) сұйықтықтарға төзімді болмаса, алжапқыш қажет Нитрил/латекс қолғаптар Қорғаныш көзілдірік немесе бетке арналған қорғаныш қалқан Су өткізбейтін материалдан жасалған ауысымды жұмыс аяқ киімі
		Аэрозольдердің пайда болуымен байланысты емшаралар үшін (мысалы, кеңірдектің интубациясы, инвазивті емес жасанды желдету, кеңірдектің қабынуы, жүрек-өкпе реанимациясы, интубация алдында қол құралдарының көмегімен жасанды желдету, бронхоскопия)	
	Медицина қызметкері	Респираторлық симптомдары жоқ және COVID-19-ға күдігі жоқ пациентті медициналық тексеру және күту	Кем дегенде 1.5 м қашықтықты сақтау. Қалауынша медициналық бас киім бір рет қолданылатын Медициналық маска Жұмыс киімі (медициналық халат немесе костюм) Тәуекелді бағалау бойынша нитрил/латекс қолғаптар Су өткізбейтін материалдан жасалған ауысымды жұмыс аяқ киімі
	Кіші медицина персоналы		Респираторлық белгілері бар пациенттерге көмек көрсететін үй-жайларды жинау кезінде ЖҚҚ инфекциялық стационарларда да осыған ұқсас қолданылады Респираторлық белгілері жоқ және COVID-19 күдігі жоқ пациенттерге көмек көрсететін үй-жайларды тазалау кезінде: қалауы бойынша бір реттік медициналық қалпақ пайдаланылады

			Жұмыс киімі (медициналық халат немесе костюм) Тығыз резеңке (шаруашылыққа арналған) қолғаптар Су өткізбейтін материалдан жасалған ауысымды жұмыс аяқ киімі
Зертхана, медициналық ұйымдар	Медицина қызметкерлері	Респираторлық сынамалармен манипуляциялар, COVID-19-ға зертханалық зерттеуге сынама алу	Бір реттік медициналық бас киім (қалауы бойынша) Медициналық маска немесе N95 немесе FFP3 респираторы Ұзын жеңді және арқасындағы байламы бар тоқылмаған материалдан жасалған бір рет қолданылатын халат Нитрил/ латекс қолғаптар Қорғаныш көзілдірігі немесе бетке арналған қорғаныш қалқаны Су өткізбейтін материалдан жасалған ауысымды жұмыс аяқ киімі * Медицина қызметкерлері пациенттер арасында қолғапты міндетті түрде ауыстыруы керек
Әкімшілік үй-жайлар	Медицина қызметкерлерін қоса алғанда, барлық персонал.	COVID-19 науқастарымен байланыс жасауды көздемейін әкімшілік іс-шаралар	Кемінде 1,5 м қашықтықты сақтау. Медициналық маска Медицина қызметкерлеріне арналған жұмыс киімі (медициналық халат немесе костюм)

Шекараны кесіп өту пункттері (кіру-шығу)

Әкімшілік үй-жайлар	Барлық персонал	Кез келген	ЖҚҚ: медициналық маска және қолға арналған антисептиктер
Скринингке арналған үй-жай	Персонал, СКП қызметкерлері	Тікелей байланыссыз бірінші скрининг (температураны өлшеу)	Кем дегенде 1 м қашықтықты сақтау. ЖҚҚ: Медициналық маска Физикалық кедергіні (пластикалық немесе шыны қалқалар) пайдалану ұсынылады Физикалық кедергілер болмаған кезде қорғаныш көзілдірігін немесе бетке арналған қорғаныш қалқанын пайдалану қажет Қол антисептиктерін қолдану
	Медицина қызметкерлері, Персонал	Екінші скрининг (яғни, температурасы бар пациенттерден COVID-19 инфекциясын және сапардың анамнезін	Медициналық маска Пациентпен тікелей байланыс кезінде бір рет қолданылатын тоқылмаған материалдан жасалған ұзын жеңді және арқасында байламдары бар халат Пациентпен тікелей байланыс

		көрсететін клиникалық симптомдардың болуы туралы сұрау)	кезінде нитрил/латекс қолғаптар Қорғаныш көзілдірік немесе бетке арналған қорғаныш қалқан Су өткізбейтін материалдан жасалған ауысымды жұмыс аяқ киімі
	Техникалық персонал (жинау)	Температурасы бар жолаушылар скринингі үй-жайларын (санитариялық үй-жайларды) жинау	Медициналық маска Бір рет қолданылатын тоқылмаған материалдан жасалған ұзын жеңді және арқасында байламдары бар халат Көзді қорғау (органикалық заттардан немесе химикаттардан шашыраудың пайда болу қаупі болғанда). Тығыз қолғап Қосымша: бәтеңке немесе жабық аяқ киім
Уақытша оқшаулау үй-жайы	Персонал	Оқшаулау үй-жайы және қажет болған жағдайда жолаушыға медициналық ұйымға тасымалдау үшін көмек көрсету	Бір реттік медициналық бас киім (қалауы бойынша) Медициналық маска Пациентпен тікелей байланыста болған кезде ұзын жеңді және арқасындағы байламы бар тоқылмаған материалдан жасалған бір рет қолданылатын халат Пациентпен тікелей байланыста болған кезде нитрил/латекс қолғаптар Қорғаныш көзілдірік немесе бетке арналған қорғаныш қалқаны Су өткізбейтін материалдан жасалған жұмыс аяқ киімі
	Техникалық персонал	Оқшаулауға арналған үй-жайларды жинау	ЖҚҚ: Медициналық маска Бір рет қолданылатын тоқылмаған материалдан жасалған ұзын жеңді және арқасында байламдары бар халат көзді қорғау (органикалық заттардан немесе химикаттардан шашыраудың пайда болу қаупі болғанда). Тығыз қолғап Қосымша: бәтеңке немесе жабық аяқ киім
Медициналық ұйымдардағы жедел жәрдем машинасы немесе көлік құралы	Медицина қызметкерлері	COVID-19-ға күдікті пациенттерді тасымалдау	Қалауынша бір рет қолданылатын медициналық бас киім Респиратор N95 немесе FFP3 Бір рет қолданылатын

			тоқылмаған материалдан жасалған ұзын жеңді және арқасында байламдары бар халат Егер халат (комбинезон) сұйықтықтарға төзімді болмаса, алжапқыш қажет Нитрил/латекс қолғаптар Қорғаныш көзілдірік немесе бетке арналған қорғаныш қалқан Су өткізбейтін материалдан жасалған ауысымды жұмыс аяқ киімі
Медицина қызметкерлері	Респираторлық инфекция белгілері жоқ және COVID-19-ға күдігі жоқ пациенттерді тасымалдау		ЖҚҚ: Қалауынша медициналық бір рет қолданылатын бас киім Тәуекел дәрежесіне байланысты нитрил/латекс қолғаптар Жұмыс киімі (медициналық халат немесе костюм)
Жүргізуші	Жүргізуші кабинасын COVID-19 пациенттен оқшаулау жағдайында COVID-19 инфекциясына күдікті пациентті тасымалдауды жүзеге асыруға ғана қатысатын		Кем дегенде 1 м қашықтықты сақтау. Медициналық маска
	COVID-19 инфекциясына күдікті науқасты отырғызу және түсіруге көмек көрсету		Медициналық маска Бір рет қолданылатын тоқылмаған материалдан жасалған ұзын жеңді және арқасында байламдары бар халат Нитрил/латекс қолғаптар Қорғаныш көзілдірік немесе бетке арналған қорғаныш қалқан Су өткізбейтін материалдан жасалған ауысымды жұмыс аяқ киімі
	COVID-19 күдікті пациентпен тікелей байланыс болмаған жағдайда, бірақ жүргізуші кабинасын пациент үй-жайынан оқшаулау жоқ.		ЖҚҚ: N95 немесе FFP3 респираторы
	COVID-19 инфекциясына күдікті науқас	Медициналық ұйымдарға тасымалдау	ЖҚҚ: егер пациент оны пайдалана алса, медициналық маска
Техникалық	COVID-19-ға		N95 немесе FFP3 респираторы

	персонал	күдікті пациенттерді тасымалдаудан кейін және тасымалдау арасында жинау	Жұмыс киімі (медициналық костюм) Бір рет қолданылатын тоқылмаған материалдан жасалған ұзын жеңді және арқасында байламдары бар халат Тығыз резеңке (шаруашылыққа арналған) қолғаптар Қорғаныш көзілдірік немесе бетке арналған қорғаныш қалқаны Бәтеңке немесе жабық жұмыс аяқ киімі
Карантиндік стационардың үй-жайы	Қызметкерлер, пациенттер	Кез келген	Кемінде 1,5 м қашықтықты сақтау. Медициналық маска Медицина қызметкерлеріне арналған жұмыс киімі (медициналық халат немесе костюм)

Жеке қорғаныш құралдарын кию және шешу тәртібі

I. ЖҚҚ-ға қойылатын жалпы талаптар

ЖҚҚ пайдалану орнына жақын таза аймақта орналасуы тиіс, ластануды болдырмау үшін таза, құрғақ жерде қауіпсіз сақталады.

Үй ошағына барған кезде ЖҚҚ қолданар алдында оны таза контейнерде тасымалдау керек. Үй ошағында пайдаланғаннан кейін шығатын жерде шешіледі және В класындағы қалдықтарға арналған сары пакетке салынады.

Егер өндіруші көрсетпесе немесе қайта пайдалану үшін келісілмесе, ЖҚҚ бір рет қолданылады.

ЖҚҚ әр пациенттен кейін және / немесе процедура немесе медициналық манипуляция аяқталғаннан кейін бірден өзгереді. Зақымдалған немесе ластанған кезде ЖҚҚ-ны дереу ауыстыру керек.

Егер қорғаныш көзілдірігі / қорғаныш қалқандары / комбинезон сияқты қайта пайдалануға болатын ЖҚҚ пайдаланылса, ЖҚҚ өндірушінің нұсқауларына сәйкес әр қолданғаннан кейін зарарсыздандырылуы керек.

ЖҚҚ персоналдың киім мөлшеріне сәйкес таңдалуы тиіс. ЖҚҚ медициналық жұмыс костюмінің үстіне киіледі.

ЖҚҚ таза аймақта киіледі. Лас аймақта медицина қызметкері ЖҚҚ-ны шешеді. ЖҚҚ кию және шешу аймағында қолды өңдеуге арналған антисептиктер болуы тиіс. Таза аймақта адамның бойымен бірдей айна болуы керек.

Лас аймақта В сыныбының медициналық қалдықтарын жинауға арналған таңбаланған контейнер (пайдаланылған ЖҚҚ-ны жинауға арналған), қол жууға арналған раковина және қолды өңдеуге арналған антисептиктер болады.

ЖҚҚ-ны кию ЖҚҚ пайдалануды бақылау жөніндегі жауапты адамның қатысуымен жүргізіледі. Медицина қызметкері науқастың палатасына кіргеннен кейін жауапты адам таза аймақта күту керек. Егер жауапты адам болмаған жағдайда қызметкер көзбен шолып бақылауды жүзеге асыра отырып, айна алдында киінеді.

ЖҚҚ пайдалануды бақылау жөніндегі жауапты адам – бұл ЖҚҚ-ны кию/шешу техникасына және биологиялық қауіпсіздік шараларына оқытылған медицина қызметкері. Ол ЖҚҚ-ны кию және шешу кезінде көзбен шолып бақылауды жүзеге асырады.

1. №1 қорғау деңгейі.

ЖҚҚ-ны кию

ЖҚҚ-ны кию алдында қолды сабынмен жуып, спирттің негізіндегі антисептикпен өңдеу қажет.

- 1) Бас киімнің астына шашты салып, оны киіңіз.
- 2) Арқасында байламдары бар тоқылмаған материалдан бір рет қолданылатын халатты киіңіз. Халат денені мойыннан тізеге дейін, қолдарын білек ұшына дейін толық жабады және арқасында байланады. Мойны мен белінде түймеленеді немесе байланады.
- 3) Жауапты адам халаттың арқа мен белді толық жабуын бақылайды.
- 4) Егер сіз оптикалық көзілдірік киген болсаңыз, оны респиратор кигенше шешіңіз. Көзілдірік линзаларын спиртті салфеткемен сүртіңіз. Респираторды киіңіз және оның бетке тығыз жанасуына көз жеткізіңіз. Респиратор пайдаланылатын бет қалқаншасына сәйкес келуі тиіс. Респиратордың жанасуын қамтамасыз ету үшін екі саусақпен мұрын клипсін қысыңыз. Респиратордың жанасуын тексеру үшін бірнеше дем шығарыңыз. Көзілдіріктің имек тұтқасын респиратордың байланымының артына салып, оптикалық көзілдірікті киіңіз. Жауапты адам респиратор байламдарының желкеде орналасуының дұрыстығын тексереді.
- 5) қолайлы өлшемдегі стерильді емес нитрил/латекс қолғаптарын киіңіз. Қолғап жеңдердің манжеттерін жабатынына көз жеткізіңіз. Палатаға кіреберісте жауапты адам соңғы тексеруді жүргізеді.

- Қолыңызды беттен алыс ұстаңыз
- Өзіңіз ұстайтын беттердің санын шектеңіз
- Егер олар бүлінген немесе қатты ластанған болса, қолғапты ауыстырыңыз
- Қол гигиенасы қағидаларын сақтаңыз.

ЖҚҚ-ның бүтіндігі бұзылған жағдайда, ол құсық массаларымен немесе науқастың басқа бөлінділерімен ластанған жағдайда палатадан кетіңіз.

ЖҚҚ-ны шешу

Медицина қызметкері лас аймаққа шығады.

- 1) ластанған беттерді ұстамай қолғапты шешеді, қолғапты медициналық қалдықтарға арналған контейнерге салады.
 - Қолғаптың сыртқы жағы ластанған!
 - Егер қолдарыңыз қолғап шешкен кезде ластанса, тез арада қолды жуыңыз немесе спирттің негізіндегі қолға арналған антисептикті пайдаланыңыз.
 - Қолғаптағы қолыңызды пайдаланып, басқа қолғаптың алақан тұсын ұстап, бірінші қолғапты тартыңыз.
 - Шешілген қолғапты қолғаптағы қолыңызда ұстаңыз.
 - Қолғапсыз қолыңыздың саусақтарымен екінші қолыңыздың білек тұсынан ұстап, екінші қолғапты бірінші қолғаптың үстінен тартыңыз.
- 2) қолды спирттің негізіндегі антисептикпен өңдеңіз.
- 3) халаттың байлауын үзіп, халатты ластанған жағымен ішке қарай бұрап шешіңіз.
 - Халаттың алдыңғы бөлігі мен жеңдері ластанған!
 - Егер сіздің қолыңыз халатты шешу кезінде ластанса, тез арада қолды жуыңыз немесе спирт негізіндегі қолға арналған антисептикті пайдаланыңыз.
 - Байлауды шешу кезінде жеңдердің денеңізге тимеуін қадағалай отырып, халат байламдарын шешіңіз.
 - Халаттың тек қана ішкі жағын ұстап, халатты мойын мен иықтан сыртқа тартыңыз.
 - Халаттың сыртын айналдырыңыз.
 - Халатты жинаңыз немесе түйіндеп байлаңыз және медициналық қалдықтарға арналған контейнерге тастаңыз.

- 4) Қолыңызды спирт негізіндегі антисептикпен өңдеңіз.
- 5) Медициналық масканы немесе респираторды шешіңіз.
 - Медициналық масканың/респиратордың алдыңғы бөлігі ластанған — ҰСТАМАҢЫЗ!
 - Егер сіздің қолыңыз медициналық масканы/респираторды шешу кезінде ластанса, тез арада қолды жуыңыз немесе спирт негізіндегі қолға арналған антисептикті пайдаланыңыз.
 - Медициналық масканың/респиратордың төменгі байламдарын немесе иілгіш ленталарын, содан кейін жоғарғы байламдарын ұстап, алдыңғы жағына тимей шешіңіз.
 - Медициналық қалдықтарға арналған контейнерге тастаңыз.
- 6) Қолыңызды спирт негізіндегі антисептикпен өңдеңіз.
- 7) Бас киімді шешіп, медициналық қалдықтарға арналған контейнерге тастаңыз.
- 8) Барлық ЖҚҚ-ны шешкеннен кейін қолыңызды жуып, спирт негізіндегі қолға арналған антисептикпен өңдеңіз.

Жауапты адам медицина қызметкерінің іс-әрекетін бақылайды.

2. №2 қорғау деңгейі.

ЖҚҚ-ны кию

- 1) қолды сабынмен жуып, спирт негізіндегі қолға арналған антисептикпен өңдеңіз.
- 2) Бас киімнің астына шашты салып, оны киіңіз.
- 3) респираторды киіңіз (N95 немесе FFP2). Екі саусақпен мұрынға респиратор клипсін басыңыз. Бірнеше дем шығарып, респиратордың тығыз орналасқанына көз жеткізіңіз. Егер сіз оптикалық көзілдірікті киген болсаңыз, оларды респиратор кигенше шешіңіз, көзілдірік линзаларын спирттік салфеткемен сүртіңіз.
- 4) қорғаныш көзілдірігін немесе қорғаныш қалқаншасын киіңіз, оларды реттеңіз. Егер бет қалқаншасы болмаса, қорғаныш көзілдірігін оптикалық көзілдіріктің үстінен киіңіз.
- 5) арқасында байламы бар тоқылмаған материалдан жасалған бір рет қолданылатын халатты пайдаланған кезде. Халат денені мойыннан тізеге дейін, қолды білектің ұшына дейін толығымен жабады және артқы жағына байланады. Мойын мен белге бекітіледі немесе байланады.
- 6) комбинезонды пайдаланған кезде. Тоқылмаған материалдан жасалған капюшоны бар қорғаныш комбинезонын ашыңыз. Комбинезон сырғытпасын ашып, оны жоғарыға қарай жылжытыңыз. Комбинезонның оң және сол жақтарын тізбектеп киіңіз. Комбинезонның жоғарғы жағын түзеп, жеңін киіңіз. Комбинезонның сырғытпасын иекке дейін сырғытыңыз. Капюшонды киіңіз. Комбинезон сырғытпасын соңына дейін жабыңыз. Комбинезон клапандарының жабысқақ лентасынан қорғаныш пленкасын алып, оларды оған жапсырыңыз, сырғытпасы мен жағасын жабыңыз.
- 7) қолайлы мөлшердегі стерильді емес нитрил/латекс қолғаптарын киіңіз. Қолғап жеңдердің манжеттерін жабатындығына көз жеткізіңіз.
- 8) жауапты адам медицина қызметкерінің іс-әрекетін бақылайды.

ЖҚҚ-ны шешу

Медицина қызметкері ЖҚҚ-ны шешу үшін лас аймаққа шығады.

- 1) қолды спирт негізіндегі қолға арналған антисептикпен немесе қолды дезинфекциялау ерітіндісі бар ыдысқа батыру арқылы өңдеңіз.
- 2) ластанған бетке тимей, қолғапты шешіңіз, оларды қақпағы жабылатын медициналық қалдықтарға арналған контейнерге салыңыз.
 - Қолғаптың сыртқы жағы ластанған!
 - Егер қолдарыңыз қолғап шешкен кезде ластанса, тез арада қолды жуыңыз немесе спирттің негізіндегі қолға арналған антисептикті пайдаланыңыз.
 - Қолғаптағы қолыңызды пайдаланып, басқа қолғаптың алақан тұсын ұстап, бірінші қолғапты тартыңыз.

- Шешілген қолғапты қолғаптағы қолыңызда ұстаңыз.
- Үстіңгі қолғапсыз қолыңыздың саусақтарымен екінші қолыңыздың білек тұсынан ұстап, екінші қолғапты бірінші қолғаптың үстінен тартыңыз.

3) қолды спирт негізіндегі антисептикпен немесе қолды дезинфекциялық ерітіндісі бар ыдысқа батыру жолымен өңдеңіз.

4) комбинезон клапандарының жабысқақ лентасын алып, сырғытпасын шешіңіз. Комбинезонның капюшонын шешіңіз. Комбинезон жеңдерін лас жағымен ішіне қарай айналдырып, комбинезонның жеңдерін шешіңіз. Комбинезонның лас жағын ішіне айналдырып, оны толық шешіңіз және оны қақпағы жабылатын медициналық қалдықтарға арналған контейнерге салыңыз. Егер су өткізбейтін бахилаларды пайдалансаңыз, оларды киіммен бірге шешіңіз.

5) қолды спирт негізіндегі қолға арналған антисептикпен немесе қолды дезинфекциялау ерітіндісі бар ыдысқа батыру арқылы өңдеңіз.

6) Егер сіз тоқылмаған материалдан жасалған, арқасында байламы бар бір рет қолданылатын халатты пайдаланған болсаңыз, шешу тәртібі № 1 қорғау деңгейінде көрсетілген.

7) қорғаныш көзілдірігін немесе қорғаныш қалқанын шешіңіз.

- Көзілдіріктің сыртқы жағы немесе қалқан ластанған!
- Егер қолыңыз көзілдірікті немесе қалқаншаны шешу кезінде ластанса, тез арада қолды жуыңыз немесе спирт негізіндегі қолға арналған антисептикті пайдаланыңыз.
- Бастағы бауларын немесе көзілдірік тұтқасын көтеріп, көзілдірікті немесе қалқаншаны артқы жағынан бастап шешіңіз.

• Егер қорғаныш көзілдірігі немесе қорғаныш қалқаншасын қайта пайдалануға болатын болса, оны өңдеуге арналған арнайы контейнерге салыңыз. Егер олай болмаса, медициналық қалдықтарға арналған контейнерге тастаңыз.

8) қолды спирт негізіндегі антисептикпен немесе қолды дезинфекциялау ерітіндісі бар ыдысқа батыру жолымен өңдеңіз.

9) респираторды шешіп, оны қақпағы жабылатын медициналық қалдықтарға арналған контейнерге салыңыз.

- Респиратордың алдыңғы бөлігі ластанған — **ҰСТАМАҢЫЗ!**
- Егер қолдарыңыз респираторды шешкен кезде ластанса, тез арада қолды жуыңыз немесе спирт негізіндегі қолға арналған антисептикті пайдаланыңыз.
- Медициналық масканың/респиратордың төменгі жақтағы байламдарын немесе иілгіш ленталарын, содан кейін жоғарғы байламдарын ұстап, алдыңғы жағына тимей алып шешіңіз.

10) қолды спирт негізіндегі антисептикпен немесе қолды дезинфекциялық ерітіндісі бар ыдысқа батыру жолымен өңдеңіз.

11) медициналық бас киімді шешіп, оны қақпағы жабылатын медициналық қалдықтарға арналған контейнерге салыңыз.

12) барлық ЖҚҚ-ны шешкеннен кейін қолды жуып, қолды спирт негізіндегі антисептикпен өңдейді.

Жауапты адам медицина қызметкерінің іс-әрекетін бақылайды.

Қолыңызды жуыңыз, душ қабылдаңыз, таза киім киіңіз және таза аймаққа шығыңыз.

3. №3 қорғау деңгейі.

Ауаны мәжбүрлеп беретін респираторды пайдалану арнайы даярлықтан өтуді талап етеді.

Әр түрлі өндірушілердің респираторлары бір-бірінен өзгеше болуы мүмкін, ұйымыңызда қабылданған стандартты операциялық рәсімдерді орындаңыз.

ЖҚҚ-ны кию

- 1) PAPR батареясының толық зарядталғанына көз жеткізіңіз.
- 2) қолды сабынмен жуып, оны спирт негізіндегі қолға арналған антисептикпен өңдеңіз.
- 3) тоқылмаған материалдардан жасалған капюшонсыз бір рет қолданылатын комбинезонды ашыңыз.

4) комбинезон шалбарынан алмай, етікті киіңіз, содан кейін жоғары тартып комбинезонды киіңіз.

5) қолдың үлкен саусағын комбинезон жеңдерінің манжеті жанындағы саңылауға кигізіңіз. Комбинезон сырғытпасын салыңыз.

6) нитрил/латекс қолғапты комбинезон манжеттерін жабатындай етіп киіңіз.

7) ауа үрлеуіш қозғалтқышы бар белдікті киіңіз.

8) қажет болған жағдайда алжапқыш киіңіз.

9) өндірушінің нұсқаулығына сәйкес батареяны тиісті ұяшыққа салыңыз (егер қолданылса).

10) жауапты адам ауа беру түтігін ауа үрлегішпен қосады. Респиратор шлемін (немесе капюшонды) ауа беру түтігімен жалғаңыз. Ауа ағыны индикаторының жұмысын тексеріңіз.

11) PAPR шлемін (немесе капюшон) киіңіз. Жауапты адам оны ауа беру түтігімен жалғайды.

ЖҚҚ-ны шешу

Медицина қызметкері ЖҚҚ-ны шешу үшін лас аймаққа шығады.

1) қолды спирт негізіндегі қолға арналған антисептикпен өңдеңіз.

2) дезинфекциялау ерітіндісіне батырылған кілемшеге тұрыңыз.

3) ластанған бетке тимей, қолғапты шешіңіз, оларды қақпағы жабылатын медициналық қалдықтарға арналған контейнерге салыңыз.

- Қолғаптың сыртқы жағы ластанған!

- Егер қолдарыңыз қолғап шешкен кезде ластанса, тез арада қолды жуыңыз немесе спирттің негізіндегі қолға арналған антисептикті пайдаланыңыз.

- Қолғаптағы қолыңызды пайдаланып, басқа қолғаптың алақан тұсын ұстап, бірінші қолғапты тартыңыз.

- Шешілген қолғапты қолғаптағы қолыңызда ұстаңыз.

4) қолды спирт негізіндегі антисептикпен өңдеңіз.

5) комбинезон сырғытпасын шешіңіз. Комбинезонның лас жағын ішіне айналдырып шешіңіз. Оны қақпағы жабылатын медициналық қалдықтарға арналған контейнерге салыңыз.

6) қолды спирт негізіндегі қолға арналған антисептикпен өңдеңіз.

7) PAPR шлемін (капюшон) ауа беру түтігімен қосылған жерден ұстап тұрып шешіңіз. Шлемді (капюшонды) қолыңызда ұстап тұрып, ауа беретін түтіктен ажыратыңыз. Дезинфекция аймағына өтіңіз

8) ауа үрлеуіші мен ауа беру түтігімен қосылған белдікті шешіңіз.

9) қолды спирт негізіндегі қолға арналған антисептикпен өңдеңіз. Қолғаптың таза жұбын киіңіз.

10) қолданыстағы нұсқаулыққа сәйкес PAPR компоненттерін дезинфекциялаңыз.

11) спирт негізіндегі қолға арналған антисептикпен өңдеңіз.

12) барлық ЖҚҚ-ны шешкеннен кейін қолды жуып, спирт негізіндегі қолға арналған антисептикпен өңдейді.

Жауапты адам медицина қызметкерінің іс-әрекетін бақылайды.

Қолыңызды жуыңыз, душ қабылдаңыз, таза киім киіңіз және таза аймаққа шығыңыз

Қарағанды облысының Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің
2021 жылғы «___»___ №___ қаулысына
6 қосымша

Жеке қорғаныш құралдарын пайдалану және кәдеге жарату алгоритмі

I. Қорғаныш маскаларын кию

1. Халық үшін медициналық немесе матадан тігілген маскаларды кию міндетті:

- қоғамдық орындарда, халықтың келуіне, қызмет көрсетуіне және демалуына арналған үй-жайларда, қоғамдық көлікте, 5 жасқа дейінгі балаларды қоспағанда, сондай-ақ әлеуметтік қашықтықты сақтау кезінде қоғамдық тамақтану орындарында тамақ ішу жағдайларын қоспағанда;

- қоғамдық орындарда 5 жасқа дейінгі балаларды және жеке, топтық спортпен шұғылданатын адамдарды қоспағанда, әлеуметтік қашықтықты сақтаған кезде 5 адамнан аспайтын ашық ауада;

- COVID-19 күдікті адамға көмек көрсету кезінде сау адамдарға;

- коронавирустық инфекцияға ұқсас аурудың белгілері (безгегі, жөтел, түшкіру) бар адамдар.

Бұл ретте осы тармақ адамды міндетті орындауға міндеттейді және бұзушылық болған жағдайда кінәлілерге әкімшілік шаралар қолданылады.

2. Медициналық және матадан тігілген маскаларды (бұдан әрі – маскалар) қалай қолдануға болады

1) бір рет қолданылатын маскалар бір рет пайдаланылады;

2) масканы аузын, мұрнын және иегін жабатындай етіп кию керек. Бұл жағдайда ол тығыз бекітілуі керек. Егер маскада баулары болса, оларды мықтап байлау керек.

3) маскада арнайы қатпарлар болған кезде оларды ашу керек, ал мұрын аймағында тігілген икемді пластина болған жағдайда, оны бетке неғұрлым толық жанасуды қамтамасыз ету үшін мұрынға мықтап бұғу керек.

4) масканы қолданған кезде сүзгілеу бетіне қолды тигізбеу керек.

5) медициналық ұйымдарда және үй карантиніндегі адамдар масканы кемінде 2 сағатта 1 рет ауыстыру керек.

6) егер маска дымқыл немесе ластанған болса, жаңа таза және құрғақ маска киіңіз. Бір рет қолданылатын маскаларды қайта пайдаланбаңыз.

7) пайдалану кезінде медициналық масканы ұстамаңыз. Медициналық масканың сүзгіш жағынан ұстамай, резеңкесінен (байлау) шешу керек. Медициналық масканы шешкеннен кейін бетіңізді ұстамаңыз және қолды бірден жуыңыз. Бұл сіз масканың бетін кездейсоқ ұстаған болсаңыз да, вируспен байланысты болдырмауға көмектеседі.

8) инфекцияның матадан тігілген маскалар арқылы таралуын болдырмау үшін оларды жиі жуып, ұқыпты ұстау керек. Матаның тозуының айқын белгілері болған кезде оны ауыстыру керек

II. Бір рет қолданылатын жеке қорғаныш құралдарын қалай кәдеге жарату керек

1. Жағдайға, персоналға және қызмет түріне байланысты COVID-19 инфекциясы кезінде ЖҚҚ-ны таңдау, COVID-19 кезінде ЖҚҚ пайдалану алгоритмі осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

2. COVID-19 аурулары бар карантиндік орталықтарда, инфекциялық стационарларда, COVID-19 ауруын жоққа шығармайтын симптомдары бар науқастар және COVID-19-бен ауыратын науқастармен байланыста болған адамдар пайдаланған ЖҚҚ «В» сыныбының қалдықтары (төтенше эпидемиологиялық қауіпті медициналық қалдықтар) ретінде зарарсыздандырылуға және жойылуға жатады.

3. Карантиндік орталықтарды, инфекциялық стационарларды қоспағанда, денсаулық сақтау ұйымдарында пайдаланылған ЖҚҚ-ны «Б» сыныбының қалдықтары (эпидемиологиялық қауіпті медициналық қалдықтар) ретінде тастауға жатады. Барлық медициналық ұйымдарда COVID-19-ға күдікті немесе расталған пациент анықталған кезде пайдаланылған ЖҚҚ «В» сыныбының қалдықтары (төтенше эпидемиологиялық қауіпті медициналық қалдықтар) ретінде зарарсыздандыруға және жоюға жатады. Осы мақсатта барлық бөлімшелерде «Б» сыныбының, сондай-ақ «В» сыныбының пакеттері мен ҚЖҚЖҚ жеткілікті мөлшерде болуы тиіс.

4. Пайдаланылған ЖҚҚ салынған пакеттер «Б» сыныбының қалдықтары (эпидемиологиялық қауіпті медициналық қалдықтар) ретінде мамандандырылған кәсіпорындармен шығарылады және кәдеге жаратылады.

5. Қызметкерлері санитариялық-профилактикалық және санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды (көшелерді патрульдеу, үй-жайларды және қоғамдық орындарды дезинфекциялау бойынша) жүргізуге тартылған ұйымдар мен объектілерде, оның ішінде полиция қызметкерлері, еріктілер пайдаланған ЖҚҚ жинауға арналған пакеттерді уақытша сақтау үшін арнайы орын бөлінуі тиіс.

6. Тартылатын персоналмен ЖҚҚ-ны қауіпсіз пайдалану бойынша нұсқау, пайдаланылған ЖҚҚ-ны жинауға арналған пакеттерді уақытша сақтау орнымен танысу жүргізіледі.

7. Үй жағдайында пайдаланылған медициналық маскаларды (соның ішінде түшкіргенде және жөтелгенде пайдаланылған сулықтарды) жеке пакетке жинап, оны тығыз және герметикалық жабу керек және содан кейін ғана қоқыс шелегіне лақтыру керек.

Халық пайдаланатын медициналық маскалар «А» сыныбының медициналық қалдықтарына (қауіпті емес медициналық қалдықтар, ҚТҚ сияқты) жатады және полигондарға шығарылады.

8. «Б» және «В» сыныптарының қауіпті медициналық қалдықтарын тасымалдауды, залалсыздандыруды және кәдеге жаратуды халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес мамандандырылған ұйымдар жүзеге асырады.

Қарағанды облысының Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің
2021 жылғы «___» _____ №___ қаулысына
7 қосымша

1. Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңіндегі тамақ өнімдерін көтерме және бөлшектеп сату объектілеріне (сауда базарлары) қойылатын талаптар

1. Сауда объектісінің әкімшілігі Infokazakhstan.kz сайтында сауда жасаушы тұлғалардың жұмыс жағдайларымен міндетті түрде танысады және тиісті келісімге қол қояды.

2. Кіреберісте (ресепшн, күзет пункті) дене температурасын бақылауды сауда объектісінің қызметкері барлық қол жетімді кіреберістерде байланыссыз немесе байланыс тәсілімен жүзеге асырады.

3. Сауда объектісінің аумағына маскасыз кіруге және болуға жол берілмейді.

4. Объекті әкімшілігі мен жауапты адамдар келушілердің, қызметкерлердің міндетті түрде маска киуін, сондай-ақ әлеуметтік қашықтықты сақтауын қадағалайды.

5. Ағындарды бағыттау және әлеуметтік қашықтықты сақтау, касса аймақтарында және кезектер пайда болатын басқа жерлерде (санитариялық тораптар, киім ілетін орындар және т.б.), сондай-ақ әрбір бутик пен сауда орнының алдында адамдар көп жиналатын орындарға жол

бермеу үшін қоршаулар мен тосқауыл таспалардан еден таңбаларын, сондай-ақ ирек белгі салу қамтамасыз етіледі.

6. Сауда объектілерінің әкімшілігі бас мемлекеттік санитариялық дәрігер қаулыларының талаптарына сәйкес әлеуметтік қашықтық сақталған жағдайда (сауда алаңының 4 шаршы метрі 1 адамға шаққанда) келушілердің объектіні толтыруын қамтамасыз етеді.

7. Сауда объектісінің әкімшілігі сатушылар арасында кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, толтыруды қамтамасыз етеді.

8. Сауда объектілерінің әкімшілігі келушілердің рұқсат етілген саны туралы көрнекі ақпаратты әрбір butikке кірген кезде қолжетімді жерде орналастырады.

9. Тауарлар сататын адамдар сауда аймақтарында (butikтерде) 1 адамға сауда алаңының 4 шаршы метрі есебінен әлеуметтік қашықтықтың сақталуын қамтамасыз етеді.

10. Санитариялық шараларды сақтау қажеттілігі туралы радиотрансляция кемінде 60 минутта 1 рет жүзеге асырылады.

11. Сауда объектісінің меншік иесі мыналарды қамтамасыз етеді:

1) санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына (температураны өлшеу, персоналға нұсқау беру, жеке қорғаныш құралдарын уақтылы ауыстыру, дезинфекциялау, жуу және антисептикалық құралдардың қажетті қорын қадағалау, нұсқама жүргізу журналын жүргізу, маскарларды, респираторларды, сулықтарды кәдеге жарату, жабдықтар мен мүкәммалды өңдеу, үй-жайларды жинау) жауапты адамны айқындау;

2) кіреберісте, сауда залдарының холлдарында, дәліздерде, лифтілерге, санитариялық тораптарға кіреберісте, сондай-ақ әрбір butikте тері антисептигі бар санитайзерлер орнату;

3) сауда butikтеріне (аймақтарына) кіреберістерде дезинфекциялау құралымен суландыру әдісімен суланған дезинфекциялау кілемшелерінің болуы қамтамасыз етіледі;

4) жұмыскерлер арасында жеке/өндірістік гигиена қағидаларын сақтау және олардың мүлтіксіз сақталуын бақылау, кварц шамдарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы нұсқама өткізу;

5) жеке гигиена құралдарымен санитариялық тораптар (сұйық сабын, антисептиктер, дәретхана қағазы);

6) халыққа қызметті маскамен көрсету;

7) әрбір 2 сағат сайын желдету режимін сақтауды қамтамасыз ете отырып, сауда объектілерінің ішінде профилактикалық тексеру (сүзгілерді ауыстыруды, ауа өткізгіштерді дезинфекциялауды қоса алғанда) жүргізе отырып, желдету жүйелері мен ауаны баптау жүйелерінің үздіксіз жұмыс істеуі;

8) техникалық персоналдың (тазалаушының) жеке қорғаныш құралдарын (қолғап, медициналық маска) пайдалана отырып, арнайы киімде дезинфекция жүргізуі;

9) пайдаланғаннан кейін жинау мүкәммалын (шелектер, щеткалар, шүберектер) арнайы бөлінген орындарда тиісінше сақтау;

10) өндірістік және тұрмыстық үй-жайларды вирулицидті әсері бар құралдармен дезинфекциялай отырып, есік тұтқаларын, ажыратқыштарды, тұтқаларды, таяныштарды, жанасатын беттерді (жабдықтарды, мүкәммалды, үстелдерді, орындықтарды), ортақ пайдаланылатын орындарды (киім ілетін орындарды, тамақ ішетін, демалатын бөлмелерді, санитариялық тораптарды) міндетті түрде дезинфекциялай отырып, күніне кемінде 2 рет ылғалды жинауды жүргізу;

11) үй-жайларды жинауға, қызметкерлердің қолын өңдеуге арналған дезинфекциялау және жуу құралдарының, қолғаптардың, тыныс алу органдарының ЖҚҚ-сының азаймайтын (кемінде бес күндік) қоры;

12) дезинфекциялау құралдарымен жұмыс істеуге денсаулық жағдайы бойынша қарсы көрсетілімдері жоқ кәмелетке толған адамдарды жіберу;

13) дезинфекциялау құралдарын дайындаушының қаптамасында, арнайы бөлінген құрғақ, салқын және қараңғыланған, балалардың қолы жетпейтін жерде тығыз жабылған күйінде сақтау. Дезинфекциялау іс-шараларын жүргізу кезіндегі сақтық шаралары және кездейсоқ улану кезіндегі алғашқы көмек әрбір нақты дезинфекциялау құралына арналған оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықтарда жазылған.

14) табиғи желдету болмаған жағдайда ауаны зарарсыздандыру қоса берілетін нұсқаулыққа сәйкес кварц, бактерицидті шамдарды немесе ауа рециркуляторларын пайдалана отырып жүзеге асырылады. Кварц шамдарын пайдалану қағидалар қатаң сақталған жағдайда, үй-жайларды міндетті түрде желдете отырып, адамдар болмаған кезде жүзеге асырылады. Ауа рециркуляторларын адамдар болған кезде пайдалануға рұқсат етіледі.

II. Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізу кезеңінде сауда-ойын-сауық кешендеріне қойылатын талаптар

1. Сауда объектісінің әкімшілігі Infokazakhstan.kz сайтында сауда жасаушы тұлғалардың жұмыс жағдайларымен міндетті түрде танысады және тиісті келісімге қол қояды.

2. Кіреберістегі қызметкерлер мен персоналдың дене температурасын байланыссыз бақылауды (ресепшн, күзет пункті) сауда объектісінің қызметкері барлық қол жетімді кіреберістерде жүзеге асырады.

3. Сауда объектісіне маскасыз кіруге, сондай-ақ сауда объектісінің аумағында болуға жол берілмейді.

4. Сауда объектісінің күзет қызметі және еріктілер қызметі келушілердің, қызметкерлердің міндетті түрде маска киуін, сондай-ақ әлеуметтік қашықтықты сақтауын (бір отбасы мүшелерін қоспағанда) бақылайды.

5. Касса жанындағы аймақтарда және қажет болған жағдайда кезектер пайда болатын басқа жерлерде (сантораптар, киім ілетін орындар), сондай-ақ әр бутик пен сауда орнының алдында әлеуметтік қашықтықты қамтамасыз ету үшін еден белгілері, шектеу және тосқауыл таспалары орнатылады.

6. Сауда объектісінің әкімшілігі Бас мемлекеттік санитариялық дәрігер қаулыларының талаптарына сәйкес әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, сауда объектісінің толықтырылуын қамтамасыз етеді.

7. Сауда объектісінің әкімшілігі объекті ішінде сатып алушылардың әлеуметтік қашықтықты бұзуды болдырмайтын қозғалысын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді (бір отбасы мүшелерін қоспағанда, 4 шаршы метрге 1 адам).

8. Сауда объектісінің әкімшілігі әрбір бутикте біржолғы рұқсат етілген келушілер саны туралы ақпарат беруге міндетті. Ақпарат әрбір бутикке кіреберісте көрінетін қолжетімді жерде орналастырылуы тиіс.

9. Объектілердің қызметкерлері әлеуметтік қашықтықты сақтауды ескере отырып, сауда бутиктерінің толтырылуын қамтамасыз етеді.

10. Объекті әкімшілігі санитариялық шараларды сақтау қажеттілігі туралы 60 минутта кемінде 1 рет радиотрансляцияны (дауыс зорайтқыш арқылы хабарлауды) қамтамасыз етеді.

11. Сауда-ойын-сауық кешендерінде (орталықтарында), сауда үйлерінде мәдени-бұқаралық, ұжымдық, ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастыруға және өткізуге тыйым салынады.

12. Жалпы міндеттермен және өндірістік процестермен байланысты емес жекелеген учаскелердің, бөлімдердің, ауысымдардың ұжымдары арасындағы байланыстарды шектеу қамтамасыз етіледі. Жұмыс ағындарын бөлу және ұжымды бөлу қызметкерлерді жеке кабинеттерге орналастыру, бірнеше ауысымда жұмысты ұйымдастыру, әлеуметтік қашықтық принциптерін сақтау арқылы жүзеге асырылады.

13. ЖРВИ (дене қызуының жоғарылауы) белгілері бар қызметкерлер анықталған жағдайда науқастар медициналық мекемені бір мезгілде хабардар ете отырып, дереу оқшауланады.

III. Сауда объектілеріндегі фуд-корттардың қызметіне қойылатын талаптар

14. Фуд-корттардың жұмыс істеуі қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық талаптарды сақтаған жағдайда қамтамасыз етіледі.

15. Фуд-корттардың толтырылуы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің қаулыларының талаптарына сәйкес әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, қамтамасыз етіледі.

16. Фуд-корт аумағында адамдар көп жиналатын мәдени-бұқаралық, салтанатты, отбасылық, естелік, ұжымдық іс-шаралар, конференциялар, семинарлар және т.б. өткізуге тыйым салынады.

17. Еден белгілерін, шектегіштер мен тосқауыл таспаларын орнату, сондай-ақ көрші үстелдердің шеткі орындары арасында кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, үстелдер, орындықтарды орналастыру және бір үстелге 4 адамнан асырмай отырғызу арқылы келушілер, қызметкерлер арасында әлеуметтік қашықтықты қамтамасыз ету.

18. Тамақ ішу жағдайларын, сондай-ақ 5 жасқа дейінгі балаларды қоспағанда, фудкорт аумағына маскасыз кіруге және болуға жол берілмейді.

19. Қызметкерлерді, сондай-ақ келушілерде респираторлық аурулардың белгілері болған кезде (кұрғақ жөтел, жоғары температура, тыныс алудың қиындауы, еңтігу және т.б.) күні бойы байланыссыз термометриямен қамтамасыз ету.

Жұмыскерлерде ЖРВИ және тұмау симптомдары, сондай-ақ КВИ-ды жоққа шығармайтын симптомдар анықталған кезде оларды оқшаулауды қамтамасыз ету және жұмыстан шеттету қажет.

20. Күн сайын қызметкерлердің термометрия нәтижелерін есепке алу журналын жүргізеді.

21. Қызметкерлер арасында жеке/қоғамдық гигиена қағидаларын сақтау және олардың мүлтіксіз сақталуын бақылау қажеттілігі туралы нұсқама өткізу.

22. Нұсқамаға жауапты адамды тағайындау, қорғау құралдарын уақтылы ауыстыру, дезинфекциялау, жуу және антисептикалық құралдардың қажетті қорын жабдықтау және қадағалау, нұсқама журналын жүргізу, қорғау құралдарын ауыстыруды есепке алу және дезқұралдардың қорын толықтыру.

23. Қызметкерлер мен келушілердің қолдарын өңдеуге арналған тері антисептиктері бар санитайзерлер/диспенсерлер орнату.

24. Дайын тағамдарды тамақ ісуге ыңғайлы, тиісті құжаттары, сертификаттары бар бір рет қолданылатын ыдыста беру.

25. Әрбір келушіден кейін асхана үстелдерін, подностарын дезинфекциялық ерітіндімен сұрту арқылы өңдеуді жүргізу.

26. Міндетті түрде дезинфекциялай отырып, үй-жайларды күн сайын ылғалды жинауды мынадай жиілікпен жүргізу: тамақтану залдарының едендері, сауда сөрелері - күніне 2 рет таңертең және кешке; есік тұтқалары, касса аппараттары, банк терминалы - сағат сайын.

27. Жинау мүкәммалы жинау жүргізілгеннен кейін міндетті түрде дезинфекциялануы тиіс және арнайы бөлінген орындарда сақталуы тиіс.

28. Дезинфекция жүргізу үшін белгіленген тәртіппен тіркелген және қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялау құралдары қолданылады, оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықтарда вирустық инфекциялар кезінде объектілерді зарарсыздандыру режимдері көрсетілген.

29. Дезинфекциялау құралдарының, жеке қорғаныш құралдарының және басқалардың азаймайтын қорын қамтамасыз ету.

30. Персоналдың жұмысы маскалар болған кезде жүзеге асырылады.

31. Пайдаланылған маскалар мен қолғаптарды одан әрі кәдеге жарату үшін арнайы таңбаланған контейнерлерге орталықтандырылған жинауды қамтамасыз ету.

32. Келушілердің шотты төлеу кезінде байланыссыз аударымдар мен төлемдерді жүзеге асыруы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

33. Жеткізу шарттарына қойылатын санитариялық қағидалардың барынша барлық талаптарын сақтай отырып, халыққа онлайн-сатып алу, тапсырыс беру және азық-түлікті, дайын тағамды жеткізу қызметтерін көрсету, бұл ретте сатып алушымен байланысты барынша азайту бойынша шаралар қабылдау қажет.

34. Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету.

Қарағанды облысының Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің
2021 жылғы « ____ » ____ № ____ қаулысына
8 қосымша

**Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде автосалондардың,
автомобильдің қосалқы бөлшектері дүкендерінің және техникалық қызмет көрсету
(вулканизация, автожуу) станцияларының жұмыс алгоритмі**

1. Автосалондардың, автомобильдің қосалқы бөлшектері дүкендерінің және техникалық қызмет көрсету (вулканизация, автожуу) станцияларының қызметіне санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, мынадай жағдайлар қамтамасыз етілген кезде жол беріледі:

1) жұмыс кестесі алдын ала жазылу бойынша;
2) автосалондар, ТҚС үшін жеке кіретін есігі бар жеке тұрған ғимарат немесе адам тұрмайтын ғимаратта (вулканизация, автожуу).

2. Жұмыс процесі мынадай талаптарды сақтай отырып ұйымдастырылады:

1) COVID-19 кезінде жеке қорғаныс құралдарын пайдалану алгоритміне сәйкес Автосалондар, авто бөлшектер дүкендері және техникалық қызмет көрсету станциялары (Вулканизация, Автожуу) қызметкерлері арасында жеке/қоғамдық гигиена ережелерін сақтау қажеттілігі, кварц шамдарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы нұсқама жүргізу, сондай-ақ олардың мүлтіксіз сақталуын қадағалау;

2) COVID-19 бойынша карантин кезінде медицина қызметкер немесе ұйымның жауапты адамының қарап тексеруі кезінде жай-күй мен термометрияны сұрастыра отырып, қағаз немесе электрондық тасымалдағышта тіркеп қамтамасыз ету;

3) болмау себебін анықтай отырып, жұмысқа шығу мониторингін күн сайын жүргізу;

4) маскаларды немесе респираторларды жұмыс күні ішінде, оларды уақтылы ауыстыру шартымен пайдалану;

5) қызмет көрсету орындарында антисептиктердің, әрбір объектіде дезинфекциялау, жуу және антисептикалық құралдардың азаймайтын қорының болуы;

6) объектіде байланыссыз жұмысты енгізу үшін технологиялық процестерді автоматтандыруды барынша пайдалану;

7) клиенттермен және азаматтармен қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды басым пайдалану;

8) келушілер қозғалысын бағыттау үшін еденге тиісті белгілер, қоршаулар мен тосқауыл ленталар салу арқылы қызметкер мен клиент арасында қашықтықты сақтау, адамдар жиналуы мүмкін жерлерге жол бермеу;

9) тұрақты жұмыс орындары арасында кемінде 2 метр алшақтықтың болуы;

10) персонал көп жиналатын учаскелердің жұмысын болдырмау (мүмкіндігінше жұмыс процесінің технологиясын қайта қарау);

11) өндірістік және тұрмыстық үй-жайларды ауысымда кемінде 2 рет вирулицидтік әсер ететін құралдармен дезинфекциялай отырып, есік тұтқаларын, ажыратқыштарды, тұтқаларды, сүйеніштерді, байланыс беттерін (қызметкерлердің үстелдерін, орындықтарын, ұйымдастыру техникасын), жалпы пайдалану орындарын (киім ілетін орындар, тамақ қабылдау, демалыс бөлмелері, санитариялық тораптар) міндетті түрде дезинфекциялай отырып, ылғалды жинау; 14) профилактикалық тексеру, жөндеу, оның ішінде сүзгілерді ауыстыру, ауа өткізгіштерді дезинфекциялау жүргізе отырып, желдету жүйелері мен ауаны баптау жүйелерінің үздіксіз;

12) желдету жүйелері мен ауа баптау жүйелерінің профилактикалық тексеру, жөндеу, оның ішінде сүзгілерді ауыстыру, ауа өткізгіштерді дезинфекциялау жүргізе отырып, үздіксіз жұмыс істеуі, желдету режимінің сақталуын қамтамасыз ету;

13) күту орындарында қашықтықты қамтамасыз ету.

3. Жіті респираторлық инфекциялар (қызба, жөтел, мұрынның ағуы) және басқа да жұқпалы аурулар белгілері бар персонал тексерілу үшін жіберіледі.

4. Қызметкерлер мен клиенттер ғимараттардағы медициналық маскаларды автосалондардың, авто бөлшектер дүкендерінің және техникалық қызмет көрсету станцияларының (Вулканизация, Автожуу) үй-жайларында, сондай-ақ қоғамдық орындарда уақтылы ауыстыру (әр 2 сағат сайын) және қашықтықты сақтау шартымен алып жүруді жүзеге асырады.

5. Ғимаратқа кіреберісте дезинфекциялау құралымен суландыру әдісімен суланған дезинфекциялау кілемшесі орнатылады.

6. Ірі объектілерде табиғи желдету болмаған жағдайда қоса беріліп отырған нұсқаулыққа сәйкес ауаны кварц, бактерицидті шамдарды немесе рециркуляторларды пайдалана отырып зарарсыздандыру ұсынылады. Кварц шамдарын пайдалану қағидалар қатаң сақталған кезде, адамдар болмаған кезде, үй-жайларды міндетті түрде желдете отырып жүзеге асырылады. Ауа рециркуляторларын адамдардың қатысуымен пайдалануға рұқсат етіледі.

Ауданы 50 шаршы метрден кем жабық үй-жайларда табиғи желдету болмаған жағдайда ауаны кварц, бактерицидті шамдарды немесе ауа рециркуляторларын пайдалана отырып зарарсыздандыру міндетті.

Қарағанды облысының Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің
2021 жылғы «___» _____ №___ қаулысына
9 қосымша

Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде қызмет көрсету саласы объектілерінің (сұлулық салондары, шаштараздар, химиялық тазалау, кір жуу орындары, ұйымдастыру техникасын жөндеу) жұмыс алгоритмі

1. Ббъектінің әкімшілігі Infokazakhstan.kz сайтында сауда жасаушы тұлғалардың жұмыс жағдайларымен міндетті түрде танысады және тиісті келісімге қол қояды.

2. Қызмет көрсету саласы объектілерінің қызметіне санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, мынадай жағдайлар қамтамасыз етілген кезде жол беріледі:

1) объектіні ашу алдында дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, күрделі жинау жүргізу (оның ішінде жиһаздың, қабырғалардың және басқа да заттардың бетін дезинфекциялау құралдарымен жинау және өңдеу);

2) Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға рұқсат етілген жеке қорғаныш құралдарының (арнайы киім, медициналық маскалар), дезинфекциялық және жуғыш заттардың, қолды өңдеуге арналған антисептиктердің азаймайтын қорының (кемінде бір апта) болуы.

3) санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына жауапты адамды анықтау (температураны өлшеу, персоналға нұсқау беру, жеке қорғану құралдарын уақтылы ауыстыру, дезинфекциялау, жуу және антисептикалық құралдардың қажетті қорын қадағалау, нұсқама жүргізу журналын жүргізу, маскаларды, респираторларды, сулықтарды кәдеге жарату, жабдықтар мен мүкәммалды өңдеу, үй-жайларды жинау);

4) желдету жүйелері мен ауаны баптау жүйелерінің профилактикалық тексеру, жөндеу жүргізе отырып, үздіксіз жұмыс істеуі, оның ішінде сүзгілерді ауыстыру, ауа өткізгіштерді дезинфекциялау, желдету режимін қамтамасыз ету және сақтау;

5) персонал арасында жеке/өндірістік гигиена ережелерін сақтау қажеттілігі туралы нұсқама жүргізу және олардың мүлтіксіз сақталуын бақылау;

6) ұйымға кірген кезде персонал мен келушілердің дене температурасын байланыссыз немесе байланыс тәсілмен (электрондық, инфрақызыл термометрлер, тасымалды тепловизорлар) бақылау, ЖРВИ және тұмау симптомдары бар персоналды жұмыстан шеттету мақсатында респираторлық аурулар симптомдарының бар-жоғын тексеру, ал COVID-19 жоққа шығармайтын симптомдары (күрғақ жөтел, жоғары температура, тыныс алудың қиындауы, енгігу және т. б.) бар адамдар үшін оқшаулауды және жедел жәрдемді шұғыл шақыруды қамтамасыз ету;

7) объектіге кіру тек жоғары температура мен инфекциялық аурулардың белгілері болмаған кезде ғана рұқсат етіледі;

8) жұмыс орындарында және келушілер үшін қолды өңдеуге арналған санитайзерлерді орнату, телефон және басқа да заттарды өңдеуге арналған персонал мен клиенттер үшін сулықтар қорының болуы;

9) кіреберісте дезинфекциялау құралымен суланған дезинфекциялау кілемшелері орнатылады.

10) жұмыс күні ішінде, медициналық маскаларды (әрбір 2 сағат сайын ауыстыру шартымен) пайдалану;

11) жұмыс үй-жайларында табиғи желдету болмаған жағдайда қоса берілетін нұсқаулыққа сәйкес кварц, бактерицидті шамдарды немесе ауа рециркуляторларын пайдалану арқылы ауаны зарарсыздандыру ұсынылады. Кварц шамдарын пайдалану қағидаларды қатаң сақтаған кезде, үй-жайларды міндетті түрде желдету арқылы адамдар болмаған кезде жүзеге асырылады. Ауа рециркуляторларын адамдардың қатысуымен пайдалануға рұқсат етіледі;

12) жұмыс орындарының арасында кемінде 2 метр қашықтықты мүлтіксіз сақтау, оңтайлы жұмыс аймақтарының шекараларын белгілеуді қамтамасыз ету;

13) тек маска киген келушілерді кіргізу;

14) жүргізілген/алынған қызметтер үшін қолма-қол ақшасыз есеп айырысу үшін барынша жағдай жасау (карталар, телефондағы қосымша).

15) санитариялық тораптарды жеке гигиена құралдарымен (сұйық сабын, антисептиктер, Дәретхана қағазы) қамтамасыз ету);

3. Объект басшылығы клиенттер жиналатын «күту аймағын» болдырмай, алдын ала жазылу бойынша жұмысты ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, келуші (клиент) мен қызметкер (сұлулық салоны мен шаштараздан басқа) арасындағы әлеуметтік қашықтықты сақтауды барынша қамтамасыз етеді, персоналдың клиенттермен тікелей байланыстарын барынша азайтады.

4. Өндірістік және тұрмыстық үй-жайларды ылғалды жинау есіктің тұтқаларын, ажыратқыштарды, тұтқаларды, сүйеніштерді, байланыс беткейлерін (қызметкерлердің үстелдерін, орындықтарын, ұйымдастыру техникасын), жалпы пайдаланылатын орындарды (киім ілетін орындар, тамақ ішетін, демалатын бөлмелер, санитариялық тораптар) міндетті түрде дезинфекциялай отырып, ауысымда кемінде 2 рет вирулицидті әсер ететін құралдармен дезинфекциялай отырып жүргізіледі.

5. Жұмыс орнында дайындалатын дезинфекциялау ерітінділерін құралдың атауы, ерітіндінің концентрациясы және оның дайындалған күні көрсетілген таңбасы бар сыйымдылықтарда сақтау керек.

6. Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген дезинфекциялау ерітінділері оның дезинфекциялау құралын қолдану жөніндегі нұсқаулығына сәйкес берілген концентрацияға сәйкес дайындалады;

7. Техникалық персонал (тазалаушылар) жеке қорғаныш құралдарын: халат, қолғап, медициналық маска пайдалана отырып, дезинфекциялау іс-шараларын жүргізеді.

8. Жинау мүкәммалын (шелектер, щеткалар, шүберектер) пайдаланғаннан кейін жақсылап жуады және арнайы бөлінген орындарда сақтайды.

9. Дезинфекциялау құралдарымен жұмыс істеуге денсаулық жағдайы бойынша қарсы айғақтары жоқ кәмелетке толған адамдарға ғана рұқсат етіледі.

10. Дезинфекциялау құралдары дайындаушының қаптамасында, балалардың қолы жетпейтін, арнайы бөлінген күрғақ, салқын және қараңғыланған жерде тығыз жабылған күйінде сақталады. Дезинфекциялау іс-шараларын жүргізу және кездейсоқ улану кезіндегі алғашқы

көмек кезіндегі сақтық шаралары әрбір нақты дезинфекциялау құралы үшін оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықтарда жазылған.

11. Пайдаланылған медициналық маскалар (оның ішінде түшкіру және жөтелу кезінде пайдаланылған сулықтар), бір рет қолданылатын жинау шүберектерін пакеттерге жинайды және қалдықтарға арналған арнайы контейнерлерге тастайды.

12. Персоналды тамақ ішуі белгіленген орындарда жүргізіледі, тамақ ішетін бөлме болмаған жағдайда дезинфекциялау құралдарының көмегімен жинауды қамтамасыз ете отырып, осы мақсаттар үшін аймақтар бөледі.

13. Химиялық тазалау және кір жуу орындарында: лас киім-кешекті шығару және клиенттің үйіне таза киім-кешекті жеткізу барынша қамтамасыз етіледі, жоғарыда көрсетілген тәсілмен қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайда, олар мен қызметкердің арасындағы әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып үй-жайда бір мезетте маскада екі клиенттен артық емес болуы, персоналдың клиенттермен тікелей байланыстарын барынша азайту қамтамасыз етіледі.

14. Сұлулық салондарында, шаштараздарда:

1) келушілермен клиенттік залда әлеуметтік қашықтықты (4 шаршы метрге 1 адам) және оңтайлы жұмыс аймақтарының шекараларын белгілей отырып, креслолар арасындағы кемінде 2 метр қашықтықты сақтау мүмкіндігі есебінен толтырылуы;

2) персоналдың әрбір келуші үшін құралдарды өңдеу қағидаларын сақтауы;

3) әрбір клиенттен кейін жуу құралдарымен бигудилерді, қысқыштарды, қалпақтар мен шашқа арналған торларды, қалпақтарды ағынды сумен өңдеу;

4) қырқылған шашты жабық қалақшаға тікелей креслоның жанында қақпағы бар сыйымдылыққа жинау, одан әрі кәдеге жарату және дезинфекциялау ерітіндісімен бүрку арқылы суландыру тәсілімен дезинфекциялау;

5) әрбір клиенттен кейін жұмыс орнын қосымша өңдеу.

Қарағанды облысының Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің
2021 жылғы « ____ » ____ № ____ қаулысына
10 қосымша

Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде халық үшін фитнес, спорт кешендері қызметін көрсету бойынша объектілердің қызметіне қойылатын талаптар

1. Объектінің әкімшілігі Infokazakhstan.kz сайтында сауда жасаушы тұлғалардың жұмыс жағдайларымен міндетті түрде танысады және тиісті келісімге қол қояды.

2. Объектінің әкімшілігі:

1) объектіні ашар алдында дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып (оның ішінде жиһаздың, қабырғалардың, спорттық Мүкәммалдың және басқа да заттардың бетін дезинфекциялау құралдарымен жинау және өңдеу) күрделі жинауды жүргізуді;

2) ЖРВИ және тұмау белгілері бар қызметкерлерді жұмыстан шеттету мақсатында келушілердің, клиенттердің және қызметкерлердің кіреберісінде контактілі немесе контактісіз термометрия жүргізу, ал COVID-19 (құрғақ жөтел, қатты қызба, тыныс алудың қиындауы, енгігу) белгілері бар адамдар үшін жедел медициналық көмек бригадасы келгенге дейін оқшаулауды;

3) жіті респираторлық аурулардың (жоғары температура, жөтел, суықтың болуы) белгілері болмаған кезде объектіге кіру қамтамасыз етіледі;

4) объектінің әкімшілігі клиенттік аймақта (5 шаршы метрге 1 адам) әлеуметтік қашықтықты сақтау мүмкіндігі есебінен келушілердің толықтырылуын қамтамасыз етеді;

5) үй-жайлардың ауданына байланысты алдын ала жазылу бойынша жұмысты ұйымдастыруды, персоналдың клиенттермен тікелей байланысын барынша азайтуды қамтамасыз етеді;

6) объектінің аумағына маскасыз кіруге тыйым салынады;

7) спорттық жаттығуларды өткізу кезіндегіні қоспағанда келушілердің киім ауыстыратын орынға дейін міндетті түрде маска киюін;

8) алдын ала жазу арқылы бір адамға 5 ш. м. есебінен жаттықтырушылардың санын шектей отырып, топтық сабақтар өткізуге жол беріледі;

9) қашықтықты бақылау үшін топтық бағдарламалар залдарында міндетті түрде белгі қоюды қамтамасыз етеді;

10) Олимпиадалық стандарт бассейндерінде бір адамға 5 шаршы метр су айнасы есебінен еркін жүзуге рұқсат етіледі;

11) тренажер залдарында кемінде 2 м әлеуметтік қашықтықты қамтамасыз ете отырып, жабдықты орналастыру және оған қол жеткізу қамтамасыз етіледі. Тренажерлерді, мүкәммалды және беткейлерді өңдеу және дезинфекциялау әр сағат сайын жүргізіледі.

12) киім ауыстыратын орындардағы келушілерге арналған жеке шкафтарды әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, жалпы санының 50% - нан асырмай пайдалануды, персоналдың келушілерді бөлуін үйлестіруді жүзеге асыруын қамтамасыз етеді;

13) сондай-ақ желдету режимінің сақталуын қамтамасыз ете отырып, профилактикалық тексеру (сүзгілерді ауыстыруды, ауа өткізгіштерді дезинфекциялауды қоса алғанда) жүргізе отырып, желдету жүйелері мен ауаны баптау жүйелерінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

3. Объектінің меншік иесі:

1) санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтауға жауапты адамды тағайындау (температураны өлшеу, персоналға нұсқау беру, жеке қорғаныш құралдарын уақтылы ауыстыру, дезинфекциялау, жуу және антисептикалық құралдардың қажетті қорын қадағалау, нұсқама жүргізу журналын жүргізу, маскаларды, респираторларды, сулықтарды кәдеге жарату, жабдықтар мен мүкәммалды өңдеу, үй-жайларды жинауды;

2) кіреберісте, холлдарда, дәліздерде, лифтілерге, санитариялық тораптарға кіреберісте тері антисептигі бар санитайзерлер орнатуды;

3) қызметкерлер арасында жеке/өндірістік гигиена қағидаларын сақтау қажеттілігін, кварц шамдарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары және олардың мүлтіксіз сақталуын бақылау туралы нұсқама жүргізуді;

4) санитариялық тораптар жеке гигиена құралдарымен (сұйық сабын, антисептиктер, дәретхана қағазы);

5) халыққа маскамен қызмет көрсетуді;

6) таңбаланған ыдыстарға (полиэтилен пакеттерге) пайдаланылған маскалар мен қолғаптарды жинауды;

7) желдету режимінің сақталуын қамтамасыз ете отырып, сауда орталықтарының ішінде профилактикалық тексеру (сүзгілерді ауыстыруды, ауа өткізгіштерді дезинфекциялауды қоса алғанда) жүргізе отырып, желдету жүйелері мен ауа баптау жүйелерінің үздіксіз жұмыс істеуін;

8) қоса берілген нұсқаулыққа сәйкес кварц, бактерицидті шамдарды немесе ауа рециркуляторларын пайдалана отырып, киім ауыстыратын орындардағы ауаны зарарсыздандыруды қамтамасыз етуі қажет. Кварц шамдарын пайдалану қағидаларды қатаң сақтаған жағдайда үй-жайларды міндетті түрде желдету арқылы адамдар болмаған кезде жүзеге асырылады. Ауа рециркуляторларын адамдар болған кезде пайдалануға рұқсат етіледі.

9) техникалық персоналдың (тазалаушының) жеке қорғаныш құралдарын (қолғап, медициналық маска) пайдалана отырып, арнайы киімде дезинфекция жүргізуін;

10) арнайы бөлінген орындарда пайдаланғаннан кейін жинау мүкәммалын (шелектер, щеткалар, шүберектер) жуу және сақтауды;

11) әрбір 2 сағат сайын жұмыс орындарын және келушілерге арналған үй-жайларды желдету;

12) өндірістік және тұрмыстық үй-жайларды әрбір 3 сағат сайын вирулицидтік әсер ететін құралдармен дезинфекциялай отырып, есік тұтқаларын, ажыратқыштарды, тұтқаларды, сүйеніштерді, жанасатын беттерді (жабдықтарды, мүкәммалды, үстелдерді, орындықтарды), жалпы пайдалану орындарын (киім ілетін орындар, тамақ ішу, демалу бөлмелері, санитариялық тораптар) міндетті түрде дезинфекциялай отырып, ылғалды жинау жүргізуді

13) үй-жайларды жинауға, қызметкерлердің қолдарын, қолғаптарды, тыныс алу ағзаларының ЖҚҚ өңдеуге арналған дезинфекциялық және жуу құралдарының азайтылмайтын (кемінде бес күн) қорын;

14) денсаулық жағдайы бойынша қарсы айғақтары жоқ кәмелетке толған адамдарды дезинфекциялау құралдарымен жұмысқа жіберуді;

15) дезинфекциялау құралдарын дайындаушының қаптамасында, балалардың қолы жетпейтін, арнайы бөлінген құрғақ, салқын және қараңғыланған жерде тығыз жабылған сақтауды қамтамасыз етеді. Дезинфекциялау іс-шараларын жүргізу және кездейсоқ улану кезіндегі алғашқы көмек кезіндегі сақтық шаралары әрбір нақты дезинфекциялау құралы үшін оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықтарда жазылған.

4. Тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде мынадай талаптар сақталады:

1) кейіннен жинау, зарарсыздандыру және жою арқылы бір рет қолданылатын ыдыс пайдаланылады;

2) бөтелкедегі суды қоспағанда, спорт объектілеріне келушілерге дайын тағамдар мен сусындарды өткізуге жол берілмейді (толық күн болатын немесе тұрақты болатын спортшыларға арналған жаттығу базаларынан басқа);

3) жалпы тамақтану орындары үшін жалпы қабылданған санитариялық-эпидемиологиялық талаптар сақталады.

4) жұмыс орындарында тамақ ішуге жол берілмейді, тамақ арнайы бөлінген тамақ ішетін бөлмеде қабылданады. Тамақ ішетін бөлме болмаған кезде дезинфекциялау құралдарының көмегімен күнделікті жинауды қамтамасыз ете отырып, қол жууға арналған раковинасы бар (ыстық және суық су келтірілген) осы мақсаттарға арналған үй-жайлар бөлінеді.

Қарағанды облысының Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің
2021 жылғы «___» _____ №___ қаулысына
11 қосымша

**Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде
мәдени объектілерге (музейлер, музей-қорықтар, кітапханалар, концерттік ұйымдар,
театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, клубтар, галереялар, цирктер, мәдени-демалыс
ұйымдары және басқалары)
қойылатын талаптар**

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы қосымшада іс-шаралардың мынадай сыныптамасы пайдаланылады:

1) мәдени-ойын-сауық және бизнес іс-шаралар - спектакльдер, концерттер, киносеанстар, театрлық, концерттік, цирк қойылымдары, жарық проекциялық шоулар, конкурстар, фестивальдар, музейлерге, музей-қорықтарға, кітапханаларға және клуб мекемелеріне бару, шерулер, форумдар, конференциялар, көрмелер, клиенттік және корпоративтік іс-шаралар, тұсаукесерлер, тимбилдингтер;

2) бұқаралық-ойын-сауық іс-шаралары – бұл 1000-нан астам адамның қатысуымен мәдени-ойын-сауық және бизнес іс-шаралар;

3) жабық үй-жайлардағы іс-шаралар;

4) ашық аспан астындағы іс-шаралар (open air).

2. Объектінің әкімшілігі Infokazakhstan.kz сайтында сауда жасаушы тұлғалардың жұмыс жағдайларымен міндетті түрде танысады және тиісті келісімге қол қояды

3. Әкімшілік персонал өндірістік қажеттілікке байланысты жұмыс күнін барынша қысқарта отырып, қашықтықтан жұмыс нысанына ауыстырылады.

4. Объектіге кіреберісте келушілердің, көрермендер мен қызметкерлердің жігі респираторлық аурулардың (жоғары температура, жөтел, мұрынның ағуы) белгілері жоқ адамдарды объектіге жібере отырып, контактісіз термометрия жүргізу ұйымдастырылады.

5. Ірі объектілерде қоса беріліп отырған нұсқаулыққа сәйкес кварц, бактерицидті шамдарды пайдалана отырып, ауаны міндетті түрде зарарсыздандыру жүргізіледі. Кварц шамдарын пайдалану ережелерді қатаң сақтай отырып, үй-жайларды міндетті түрде желдетумен адамдар болмаған жағдайда жүзеге асырылады.

Көлемі 50 шаршы метрден аз жабық бөлмелерде кварц, бактерицидті шамдар және ауа рециркуляторларды пайдалану міндетті түрде өткізіледі.

6. Объектінің үй-жайларына мынадай адамдар жіберілмейді:

1) расталған COVID-19 жағдайларымен байланыс;

2) қызметкерлерді қоса алғанда, жігі респираторлық аурулар (жоғары қызба, жөтел, мұрынның ағуы) белгілері бар адамдар.

2 -тарау. Театрларға, концерттік ұйымдарға қойылатын талаптар

7. Ашылу алдында объектіде дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, толық тазалау жұмысы (оның ішінде жиһаздың, қабырғалардың, концерт залдарының, репетиция бөлмелерінің, музыкалық аспаптардың, реквизиттердің, декорациялардың және т.б. беттерін дезинфекциялау құралдарымен жинау және өңдеу) жүргізіледі.

8. Дайындық кезінде адамдардың саны кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтау мүмкіндігі есебінен залдар бойынша бөлінеді.

9. Объектінің аумағына маскасыз кіруге жол берілмейді. Нысан ғимаратында міндетті түрде маска киген келушілердің болуы қамтамасыз етіледі.

10. Кіру билеттерін сату кассалары арқылы сатуды қоспағанда, онлайн режимінде жүзеге асырылады.

11. Әлеуметтік дистанциялауды қамтамасыз ету үшін, касса жанындағы аймақтарда және кезектер пайда болатын басқа да орындарда (санитариялық тораптар, гардероб және т.б.) еденге белгілер орнатылады.

12. Дайындық залдарында кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып жабдықтардың орналасуы немесе қол жетімділігі қамтамасыз етіледі.

13. Киім шешетін бөлмелерде персонал келушілерді бөлу бойынша үйлестіруді жүзеге асырады және жұмыс күнінің соңында жетондарды дезинфекциялау құралдарымен өңдейді.

14. Мәдени объектілерге келушілерге бөтелкедегі су мен сусындарды қоспағанда, тамақ өнімдерін сатуға жол берілмейді.

15. Қызметкерлермен сыртта залдардың немесе алаңдардың алдында 50 адамға 1 қызметкер есебінен қауіпсіз қашықтық бойынша кезекті үйлестіруді қамтамасыз етіледі.

16. Сыртта келушілердің ағынын бағыттау және әлеуметтік қашықтықты сақтау үшін жерде тиісті белгілер, сондай-ақ қоршаулар мен ленталардан жасалған жолақшалар қарастырылады.

17. Көрермендердің бір жерде жиналуына жол бермеу мақсатында іс-шаралар (бір актілі қойылым, антрактсыз концерт) үзіліссіз өткізіледі.

18. Кіреберісте, холлдарда, фойеде, дәліздерде, лифттілерге кіреберісте, санитариялық тораптарда тері антисептигі бар санитайзерлер орнатылады.

19. Объектінің әкімшілігі:

1) қызметкерлер мен әртістер арасында жеке/өндірістік гигиена ережелерін сақтау және олардың мүлтіксіз сақталуын бақылау қажеттілігі туралы нұсқама жүргізуді;

- 2) санитариялық тораптарды жеке гигиена құралдарымен (сұйық сабын, антисептиктер);
- 3) халыққа маскамен қызмет көрсетуді;
- 4) желдету режимін сақтап, профилактикалық тексеру жүргізе отырып (сүзгілерді ауыстыруды, ауа өткізгіштерді дезинфекциялауды қоса алғанда) желдету жүйелері мен ауаны баптау жүйелерінің үздіксіз жұмысын;
- 5) техникалық персоналдың (тазалаушының) жеке қорғаныш құралдарын (қолғап, медициналық маска) пайдалана отырып, арнайы киімде дезинфекция жүргізуін;
- 6) пайдаланғаннан кейін жинау құралдарын (шелектер, щеткалар, шүберектер) арнайы бөлінген орындарда тиісінше сақтауды;
- 7) әр 2 сағат сайын жұмыс орындарын және келушілерге арналған бөлмелерді желдетуді;
- 8) өндірістік және тұрмыстық бөлмелерді, есік тұтқаларын, сөндіргіштерді, тұтқаларды, сүйеніштерді, жанасатын беттерді (жабдықтарды, құралдарды, үстелдерді, орындықтарды, музыкалық аспаптарды), жалпы пайдалану орындарын (киім ілетін орындар, тамақ ішу, демалу бөлмелері, санитариялық тораптар) міндетті түрде дезинфекциялап, күніне кемінде 2 рет вирулицидтік әсер ететін құралдармен дезинфекциялай отырып, ылғалды жинауды;
- 9) бөлмелерді жинауға, қызметкерлердің қолдарын өңдеуге, тыныс алу органдары мен қолғаптарды жеке қорғау құралдарына (бұдан әрі – ЖҚҚ) арналған дезинфекциялық және жуу құралдарының азайтылмайтын (кемінде бес күн) қорын;
- 10) дезинфекциялау құралдарымен жұмысқа денсаулық жағдайы бойынша қарсы нәтижелері жоқ кәмелетке толған адамдарды жіберуді;
- 11) дезинфекциялау құралдарын дайындаушының қаптамасында, балалардың қолы жетпейтін арнайы бөлінген құрғақ, салқын және қараңғыланған жерде тығыз жабылған түрінде сақтауды қамтамсыз етеді. Дезинфекциялау іс-шараларын жүргізу және кездейсоқ улану кезіндегі алғашқы көмек кезіндегі сақтық шаралары әрбір нақты дезинфекциялау құралы үшін оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықтарда жазылған.

20. Алаңның үздіксіз және жүйелі жұмысы үшін:

- 1) касса жанындағы аймақтарда және кезектер пайда болатын басқа жерлерде (санитариялық тораптар, гардероб, келушілерді тіркеу, бақылау және билеттер беру пункттері және т. б.) кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты қамтамсыз ету үшін едендік белгілер орнатылады;
- 2) келушілерді ақпараттандыру мақсатында кіреберісте алаң бойынша жүріп-тұру схемасы әзірленеді және орналастырылады;
- 3) объектінің аумағында сілтеуіш, еске түсіретін көрсеткіштер (үш тілде) орнатылады;
- 4) келушілер (көрермендер) үшін алаңда болу бойынша арнайы ұсынымдар (жадынамалар) әзірленеді;
- 5) кезекте адамдар жиналған жағдайда ыңғайлы және қауіпсіз күту аймақтары құрылады.

Келушілерге (көрермендерге) қойылатын талаптар

21. Объектіге кіру негізгі кіреберістен жүзеге асырылады.
22. Келуші кіреберісте билетін ұсына отырып объектінің ішіне кіреді және санитариялық шараларды (антисептик, 2 метр қашықтықты сақтау, медициналық масканың болуы) сақтай отырып, күзет тексерісінен өтеді;
- Келушінің медициналық немесе матадан тігілген маскасы болмаған жағдайда, оны сол жерде таратуға болады.
23. Залға кіру мынадай тәртіпте жүзеге асырылады:
 - 1) келушілер билетте көрсетілген көрермендер залындағы орындарға кезек тәртібімен, 2 метр қашықтықты сақтай отырып жіберіледі;
 - 2) келушілер объектінің кіреберісінің, холлының, фойесінің, дәлізінің периметрі бойынша қойылған таңбалар арқылы қатаң түрде қозғалады.
- Көрермендер залында болу қағидалары залдағы, фойедегі, объект дәлізіндегі мониторлар арқылы көрсетіледі.
- Кіруді жауапты адамдар (контроллер) бақылайды.
24. Зал аймағында (отырғызу):

1) келушілер бір-бірінен екі метр қашықтықты сақтай отырып, көрермендер залында отырады;

2) концерт залына кіру жауапты адамдардың (контроллер) бақылауымен жүргізіледі.

Залдың периметрі бойынша қауіпсіздік шаралары бар ақпараттық стенділер орналастырылады, залға кіреберісте антисептикалық құралдар орнатылады.

25. Залдардан шығу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) келушілер көрсетілген бағыттар бойынша залдан 2 метр қашықтықта қауіпсіздік шараларын сақтай отырып шығады;

2) концерт залынан шығару қатар-қатармен жауапты адамдардың (контроллер) бақылауымен жүргізіледі.

3-тарау. Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде кинотеатрлардың қызметіне қойылатын талаптар

26. Кинотеатр әкімшілігі қызметтерді сату орындарында, сондай-ақ қол жеткізуді бақылау орындарында адамдардың жиналуын болдырмау мақсатында мынадай шарттарды қамтамасыз етеді:

1) кіру билеттерін сату ресми сайтта немесе арнайы сервистерді пайдалана отырып онлайн жүзеге асырылады, кассалардан Билеттерді сатып алу кезінде әлеуметтік қашықтықты сақтау үшін жағдайлар қамтамасыз етіледі;

2) кіру билеттерін бақылауды ұйымдастыру жүйесі әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, турникеттер бойынша кезекті бөле отырып, оңайлатылған схема бойынша жүзеге асырылады;

3) келушілердің қозғалысын бағыттау үшін еденге тиісті белгілер, қоршаулар мен тосқауыл ленталар салу арқылы әлеуметтік қашықтықты сақтау, адамдар жиналуы мүмкін жерлерге жол бермеу;

4) объектіге маскасыз кіруге жол берілмейді, келушілердің объект ғимаратында міндетті түрде маска киюі қамтамасыз етіледі;

5) кинозалда тамақ пен сусынмен кіруге тыйым салу.

27. Қызмет көрсетуші және техникалық персонал жұмысқа тек маска және қолғаппен жіберіледі.

28. Объектіні ашу алдында дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, күрделі жинауды жүргізу (оның ішінде жиһаздың, қабырғалардың және басқа да заттардың бетін дезинфекциялау құралдарымен жинау және өңдеу));

29. Ұйымға кіреберісте персонал мен келушілердің дене температурасын жанаспайтын немесе жанасатын тәсілмен (электронды, инфрақызыл термометрлер, тасымалданатын тепловизорлар) бақылау. Жіті инфекция белгілері болған кезде қызмет көрсетуге жол берілмейді;

30. Үй-жайды желдету, қызметкерлер мен қонақтардың орындарын вирулицидтік әсер ететін дезинфекциялық құралдарды қолдана отырып, ылғалды жинау және дезинфекциялау.

31. Желдету жүйелері мен ауаны баптау жүйелерінің үздіксіз жұмыс істеуіне қойылатын талаптарды қамтамасыз ету:

1) желдету режимін сақтауды қамтамасыз ете отырып, объектілердің ішінде профилактикалық тексеру (сүзгілерді ауыстыруды, ауа өткізгіштерді дезинфекциялауды қоса алғанда) жүргізуді қамтиды;

2) көрермендер залына арналған сыртқа тарату желдеткішінің бөлек жүйелері;

3) сыртқа тарату шахталары арқылы залдарға сыртқы ауаның ұйымдастырылмаған түсуін болдырмау;

4) сору камералары мен желдету жүйесі қондырғыларына дезинфекция жүргізу;

5) желдеткіш жүйесі жабдықтарының қызметтік үй-жайларына бөгде адамдардың кіруін шектеу.

32. Залға кіреберістерде дезинфекциялық ерітінді сіңірілген дезинфекциялық кілемшелердің міндетті түрде болуы.

33. Едендегі тиісті таңбалар, сондай-ақ ағындарды бағыттау және әлеуметтік қашықтықты сақтау үшін қоршаулар мен тосқауыл таспалардан жасалған ирек белгілер.

34. Сеанстар арасындағы залдарға дезинфекция жүргізуге (сүйеніштерді, есік тұтқаларын, кресло шынтақшаларын сүрту) 30 минуттан кем емес үзілісті сақтау, кейіннен 15 минутқа желдету.

35. Келушілерге объекті әкімшілігіне тиесілі қандай да бір мүкәммалды беруге алдын ала дезинфекция (оның ішінде жеке қорғаныш пленкасына буып-түю) жүзеге асырылған және өз бетінше өңдеу үшін дезинфекциялау сулықтарын берген және басқалары болған жағдайда ғана жол беріледі.

36. Мүмкіндігінше өнімді байланыссыз тәсілдермен, оның ішінде тауарларды сату автоматтарының (вендингтік машиналардың) көмегімен сатуды жүзеге асыру ұсынылады.

37. Объекті әкімшілігі қызметкерлерді бір рет қолданылатын маскалар мен қолғаптармен, сондай-ақ қолды өңдеуге арналған тері антисептиктерімен қамтамасыз етеді.

38. Объекті әкімшілігі жалпы міндеттермен және өндірістік процестермен байланысты емес әртүрлі бөлімдердің және функционалдық топтардың (әкімшілер, кассирлер, бармендер, кеңсе қызметкерлері, техникалық персонал және т.б.) кинотеатр қызметкерлері арасындағы байланыстарды шектеуді қамтамасыз етеді.

39. Жұмыс орындарында тамақ ішуге тыйым салынады. Тамақты тек арнайы бөлінген бөлмеде - тамақтану бөлмесінде қабылдау керек.

40. Объектінің меншік иесі мыналарды қамтамасыз етуі қажет:

1) кассаларда, кіреберістерде, холлдарда, дәліздерде, лифтілерге, санитариялық тораптарға кіреберісте, сондай-ақ әрбір залға кіреберісте тері антисептигі бар санитайзерлерді орнату;

2) санитариялық тораптарды жеке гигиена құралдарымен қамтамасыз ету (сұйық сабын, антисептиктер, дәретхана қағазы);

3) халыққа маскамен қызмет көрсету;

4) одан әрі кәдеге жарату үшін таңбаланған контейнерлерде (полиэтилен қаптар) пайдаланылған маскалар мен қолғаптарды орталықтандырылған жинау;

5) техникалық персоналдың (тазалаушының) жеке қорғаныш құралдарын (қолғап, медициналық маска) пайдалана отырып, арнайы киімде дезинфекциялау жүргізуі;

6) арнайы бөлінген орындарда пайдаланғаннан кейін жинау мүкәммалын (шелектер, шеткалар, шүберектер) тиісінше сақтау;

7) өндірістік және тұрмыстық үй-жайларды, есік тұтқаларын, ажыратқыштарды, тұтқаларды, сүйеніштерді, байланыс беттерін (жабдықтарды, мүкәммалды, үстелдерді, орындықтарды), жалпы пайдалану орындарын (киім ілетін орын, тамақ ішу, демалу бөлмелері, санитариялық тораптар) міндетті түрде дезинфекциялай отырып, күніне кемінде 2 рет вирулицидтік әсер ететін құралдармен дезинфекциялай отырып, ылғалды жинау;

8) үй-жайларды жинау, қызметкерлердің қолын өңдеу, тыныс алу органдарының ЖҚҚ үшін дезинфекциялық және жуу құралдарының азаймайтын (кемінде бір апталық) қоры;

9) денсаулық жағдайы бойынша қарсы айғақтары жоқ кәмелетке толған адамдарды дезинфекциялау құралдарымен жұмысқа жіберу;

10) дезинфекциялау құралдарын дайындаушының қаптамасында, балалардың қолы жетпейтін, арнайы бөлінген құрғақ, салқын және қараңғыланған жерде тығыз жабылған сақтауды қамтамасыз етеді. Дезинфекциялау іс-шараларын жүргізу және кездейсоқ улану кезіндегі алғашқы көмек кезіндегі сақтық шаралары әрбір нақты дезинфекциялау құралы үшін оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықтарда жазылған.

11) жұмыс күні ішінде персоналдың дене қызуын бақылау, ЖРВИ және тұмау симптомдары бар персоналды жұмыстан шеттету мақсатында, ал COVID-19 (құрғақ жөтел, жоғары қызба, тыныс алудың қиындауы, еңтігу) белгілері жоқ адамдар үшін респираторлық аурулар симптомдарының болуына қызметкерлерден сұрау оқшаулауды қамтамасыз ету және жедел жәрдемді дереу шақыру;

12) санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына жауапты адамды тағайындау, келушілердің қозғалыс ағындарын бөлу, температураны өлшеу, персоналға нұсқама жүргізу, жеке қорғану құралдарын уақтылы ауыстыру;

13) санитариялық нормалар мен қауіпсіздік талаптары туралы көрермендерді хабардар ету.

4 -тарау. Жабық алаңдарда мәдени-ойын-сауық және бизнес іс-шараларын ұйымдастыруға қойылатын талаптар

41. Кіру билеттерін сату кассалар арқылы сатуды қоспағанда, онлайн режимінде ұсынылады.

42. Кіру, шығу және алаң ішіндегі адамдардың қозғалысы қауіпсіз әлеуметтік дистанциясы бар қиылыспайтын ағындармен ұйымдастырылады (залдың бір жағынан - кіру, екінші жағынан - шығу және т.б.).

43. Еденде тиісті белгілер, сондай-ақ ағындарды бағыттау және әлеуметтік қашықтықты сақтау үшін қоршаулар мен ленталардан жасалған жолақшалар жасалады.

44. Сырттағы қызметкерлер залдардың немесе алаңдардың алдында 50 адамға 1 қызметкер есебінен қауіпсіз қашықтықтағы кезекті үйлестіреді.

45. Әрбір көрерменнің (келушінің) дене температурасын өлшеу жүргізіледі, алаңдарда температурасы жоғары көрермендер жіберілмейді.

46. Алаң әкімшілігі мыналарды:

- 1) іс-шаралар/экскурсиялардың уақытын қатаң сақтауды;
- 2) персоналдың алаңда маска болуын;
- 3) көрермендерге үнемі маска кию қажеттілігі туралы ескертуді;
- 4) концерт залына кіру және шығу жауапты адамдардың бақылауымен;
- 5) сеанстар арасындағы залдарға дезинфекция жүргізуге 30 минуттан кем емес үзіліс (сүйеніштерді, есік тұтқаларын, кресло шынтақшаларын сүрту), кейіннен 15 минутқа желдетуді;
- 6) жұмыс күні ішінде қызметкерлердің температурасын бақылау және жоғары температуралы және инфекциялық ауру белгілері бар адамдардың жұмыс орнында болуына жол бермеуді;
- 7) санитариялық тораптар жеке гигиена құралдарымен (сұйық сабын, антисептиктер);
- 8) кондиционерлерді тазалауды;
- 9) холлдарда, дәліздерде, лифтілерге, санитариялық тораптарға кіреберістерде тері антисептигі бар санитайзерлерді орнатуды қамтамасыз етеді.

47. Алаңның үздіксіз және жүйелі жұмысы үшін:

- 1) кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты қамтамасыз ету үшін касса жанындағы аймақтарда және кезектер пайда болатын басқа жерлерде (санитариялық тораптар, гардероб, келушілерді тіркеу, бақылау және билеттер беру пункттері және т. б.) едендік белгілер орнатылады;
- 2) келушілерді ақпараттандыру мақсатында алаңға кіреберісте алаң бойынша жүріп-тұру схемасы әзірленеді және орналастырылады;
- 3) объектінің аумағында сілтеуіш, еске түсіретін көрсеткіштер орнатылады (үш тілде);
- 4) келушілер (көрермендер) үшін алаңда болу бойынша арнайы ұсынымдар (жадынамалар) әзірленеді;
- 5) кезекте адамдар жиналған жағдайда ыңғайлы және қауіпсіз күту аймақтары құрылады.

Келушілерге (көрермендерге) қойылатын талаптар

48. Күту аймағында:

- 1) кіреберісте келуші алаңда болу қағидаларымен және ақпараттық стендтерде орнатылған жүріп-тұру маршрутымен танысады;
- 2) отыратын орындар қашықтық сақтала отырып, орналастырылады;
- 3) күту аймағына келушілер 15-30 адамнан тұратын топтармен кіреді (алаңның ауданына байланысты: 100 шаршы метрге дейін - 15 адам, одан жоғары - 30 адам);

49. Алдыңғы кіреберістен кіру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

- 1) келуші/көрермен кіреберісте билетті ұсына отырып, объектінің ішіне өтеді және санитариялық шараларды сақтай отырып (антисептик, қашықтықты сақтау - 2 метр, медициналық масканың болуы) күзет тексерісінен өтеді;
- 2) келушіде медициналық масканың болмауы анықталған жағдайда, сол жерде таратуды қамтамасыз ету қажет;

50. Зал аймағында:

- 1) келушілер (көрермендер) залға кіреберісте көрсетілген бағыт бойынша бір-бірінен екі метр қашықтықты сақтай отырып өтеді;
- 2) залдың периметрі бойынша қауіпсіздік шаралары бар ақпараттық стендтер және залға кіреберісте антисептикалық құралдар орналасқан.

51. Залдардан шығу мынадай тәртіпте жүзеге асырылады:

- 1) келушілер көрсетілген бағыттар бойынша залдан 2 метр қашықтықта қауіпсіздік шараларын сақтай отырып шығады;
- 2) ұйымдастырушылардың немесе еріктілердің сүйемелдеуімен схемаға сәйкес залдан шығу.

5- тарау. Ашық ауада көпшілік-ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастыруға қойылатын талаптар

52. Қызметтерді сату орындарында, сондай-ақ қол жеткізуді бақылау орындарында адамдардың жиналуын болдырмау мақсатында мынадай шарттар қамтамасыз етіледі:

1) кіру билеттерін сату кассалар арқылы сатуды қоспағанда, онлайн режимінде ұсынылады.

2) әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, турникеттер бойынша кезекті бөле отырып, жеңілдетілген схема бойынша кіру билеттерін бақылауды ұйымдастыру жүйесін қамтамасыз ету.

53. Қызмет көрсету персоналы маскамен болуы қажет.

54. Объектінің әкімшілігі мыналарды қамтамасыз етеді:

1) объекті мен іс-шараның сипатына байланысты кіру, шығу және алаң ішінде қауіпсіз әлеуметтік қашықтықта қиылыспайтын ағындармен маска киген қонақтардың қозғалысын ұйымдастыру (залдың бір жағынан-кіру, екінші жағынан-шығу және т.б.).

2) қызмет көрсетуші персоналдың аралық температурасын бақылау;

3) вирулицидтік әсер ететін дезинфекциялық құралдарды қолдана отырып, персоналдың жұмыс орындарын және қонақтардың болатын орындарын дезинфекциялау;

4) ағындарды бағыттау және әлеуметтік қашықтықты сақтау үшін едендегі белгі, сондай-ақ қоршаулардан және тосқауыл ленталарынан жасалған жолақшалар;

5) объектінің аумағында тері антисептикалық құралы бар дозаторларды орнату (алаңға (сахнаға) кіретін (шығатын) және гримерлік, санитариялық тораптарда, құралдарды беру аймақтарында);

6) көрермендер мен қонақтардың қашықтығын бақылау үшін белгі қою;

7) персоналға нұсқама беруге, қонақтардың қозғалыс ағынын бөлуге, дезинфекциялау, жуу және антисептикалық құралдардың қажетті қорын қадағалауға, нұсқама жүргізу журналын жүргізуге, маскаларды, респираторларды, майлықтарды жинауға, жабдықтар мен мүкәммалды өңдеуге, үй-жайларды жинау сапасына, температураны өлшеуге, жеке қорғаныш құралдарын уақтылы ауыстыруға жауапты адамды тағайындау;

8) іс-шараны ұйымдастырушымен келісе отырып қашықтықты сақтай отырып, қонақтарды отырғызу немесе кеңістікке байланысты визуалды аймаққа орналастыру жоспарын бекіту;

9) алаң қызметкерлері бір рет қолданылатын маскалар мен қолғаптармен, сондай-ақ қолды өңдеуге арналған тері антисептиктерімен;

10) әрбір келуші мен қызмет көрсетуші персоналдың дене температурасын байланыссыз өлшеу және жоғары температура және ЖРВИ белгілері болған жағдайда оның алаңға кіруін шектеу;

11) іс-шараны ұйымдастыруға тартылған персоналға бәйдждер беру, іс-шараны ұйымдастыруға тартылған персоналды бақылау және объектіге қатаң түрде маскамен жіберуді жүзеге асыру;

12) көрермендерді санитариялық нормалар мен қауіпсіздік талаптары туралы ақпараттандыру.

55. Келушілерге алаңның әкімшілікке тиесілі қандай да бір құралдарды беру дезинфекциялау жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылған жағдайда жүзеге асырылады (жеке қорғаныш қаптамасына буып-түю, өздігінен өңдеу үшін дезинфекциялау сулықтарын беру және басқалар).

56. Арнайы бөлінген тамақтану бөлмесінен басқа, жұмыс орындарында тамақ ішуге жол берілмейді.

57. Қызметкерлер, күзетшілер, еріктілер кіреберісті қауіпсіз қашықтықта үйлестіреді және кіреберістің алдында көшеде, бөлмелерде маска мен қолғаппен жүреді.

58. Залдан (алаңнан) шығу жауапты адамдар (еріктілер) көмегімен қатар-қатармен жүзеге асырылады.

59. Залдарға қонақтар саны тиісті аумақтың бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлерінің келісімі бойынша жіберіледі.

60. 1000-нан астам қатысушылармен іс-шараны өткізу кезінде іс-шараны өткізу аумағында медициналық пункттің жұмысы немесе жедел жәрдем бригадасының кезекшілігі ұйымдастырылады.

61. Алаңның үздіксіз және жүйелі жұмысы үшін:

1) кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты қамтамасыз ету үшін төсек жанындағы аймақтарда және кезектер пайда болатын басқа жерлерде (санитариялық тораптар, гардероб, келушілерді тіркеу, бақылау және билеттер беру пункттері және т. б.) едендік белгілер орнатылады;

2) келушілерді ақпараттандыру мақсатында алаңға кіреберістегі алаң бойынша өту схемасы әзірленеді және орналастырылады;

3) объектінің аумағында белгілерді еске түсіретін көрсеткіштер орнатылады (үш тілде);

4) келушілер/көрермендер үшін алаңда болу бойынша арнайы ұсынымдар (жадынамалар) әзірленеді;

5) кезекте адамдар жиналған жағдайда ыңғайлы және қауіпсіз күту аймақтары құрылады.

Келушілерге (көрермендерге) қойылатын талаптар

62. Күту аймағында:

1) кіреберісте келуші алаңда болу қағидаларымен және ақпараттық стендтерде орнатылған жүріп-тұру маршрутымен танысады;

2) отыратын орындар қашықтық сақтала отырып, орналастырылады;

3) күту аймағына келушілер 15-30 адамнан тұратын топтармен кіреді (алаңның ауданына байланысты: 100 шаршы метрге дейін - 15 адам, одан жоғары - 30 адам);

63. Объектіге кіру негізгі кіреберістен жүзеге асырылады.

64. Келуші кіреберісте билетін ұсына отырып объектінің ішіне кіреді және санитариялық шараларды (антисептик, 2 метр қашықтықты сақтау, медициналық масканың болуы) сақтай отырып, күзет тексерісінен өтеді;

Келушінің медициналық немесе мата маскасы болмаған жағдайда, оны сол жерде таратылуы мүмкін.

65. Іс-шара аймағында:

1) келушілер (көрермендер) залға кіреберісте көрсетілген бағыт бойынша бір-бірінен екі метр қашықтықты сақтай отырып өтеді;

2) залдың периметрі бойынша қауіпсіздік шаралары бар ақпараттық стендтер және залға кіреберісте антисептикалық құралдар орналасқан.

66. Залдардан шығу келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

1) келушілер көрсетілген бағыттар бойынша залдан 2 метр қашықтықта қауіпсіздік шараларын сақтай отырып шығады;

2) ұйымдастырушылардың немесе еріктілердің сүйемелдеуімен схемаға сәйкес залдан шығу.

6-тарау. Мемлекеттік музейлердің жұмысы үшін талаптар

67. Ғимаратқа кіреберісте дезинфекциялық құралмен суару әдісімен суланған дезинфекциялық кілемше орнатылады.

68. Музейдің ашылуы алдында дезинфекциялау құралдарын (оның ішінде экспозициялық витриналардың, қабырғалардың және басқа да заттардың бетін дезинфекциялау құралдарымен тазалау және өңдеу) қолдана отырып, күрделі тазалау жүргізіледі.

69. Қызметкерлер мен келушілердің дене температурасын бақылау дене температурасын контактісіз немесе контактілі тәсілмен өлшеуге арналған бұйымдарды қолдана отырып жүргізіледі.

70. Кіру билеттерін сату, кассалар арқылы сатуды алып тастаусыз, онлайн режимінде жүзеге асырылады.

71. Алаңның үздіксіз және жүйелі жұмыс жасауы үшін:

1) касса жанындағы аймақтарда және кезектер пайда болатын басқа да орындарда (санитариялық тораптар, киім ілетін орын, келушілерді тіркеу, бақылау және билеттер беру пункттері және т. б.) кемінде 2 метр әлеуметтік ара-қашықтықты қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ әрбір музей экспонатының алдында едендік белгілер орнатылады;

2) келушілерді хабардар ету мақсатында алаңға кіреберісте музейде жүріп-тұру схемасы әзірленеді және орналастырылады;

3) жүріп-тұру жолында белгілерді ескертетін белгілер (үш тілде) орнатылады;

4) келушілер/көрермендер үшін музей ішінде жүріп-тұру және қорды пайдалану бойынша арнайы ұсынымдар (жадынамалар) әзірленеді;

5) адамдар кезекте жинақталған жағдайда ыңғайлы және қауіпсіз күту аймақтары жасалынады.

72. Келушілермен толтыру келушілер аймағындағы әлеуметтік ара-қашықтықты сақтау мүмкіндігінің есебінен жүзеге асырылады (5 шаршы метрге 1 адам).

73. Музейге келушілерді кіргізу маска болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

74. Музейдің персоналы қорғаныш құралдарымен (маскалар, қорғаныш экрандары) қамтамасыз етіледі, персоналдың қорғаныш құралдарынсыз жұмыс істеуіне жол берілмейді.

75. Қызметкерлер, сондай-ақ музейге келушілер респираторлық инфекцияның кез-келген белгілері бар болса (температурасының көтерілуі, жөтел, тамағының ауыруы, тыныс алудың қиындауы) жұмысқа жіберілмейді.

76. Музейдің қызметкерлері келушілермен, қызметкерлермен маскәні міндетті түрде киюін, сондай-ақ әлеуметтік ара-қашықтықтың сақтауын бақылайды.

77. Музейдің әкімшілігі:

1) залға кіру және шығу кезінде және оның ішінде қауіпсіз әлеуметтік ара-қашықтық бар қиылыспайтын ағындармен адамдардың қозғалысын ұйымдастыруды (экспозициялық залдың бір жағынан - кіру, екінші жағынан – шығу), сондай-ақ келушілерді бөлу бойынша персоналды үйлестіруді;

2) өндірістік бақылау журналына тіркей отырып, профилактикалық тексеру (сүзгілерді ауыстыруды, ауа өткізгіштерді дезинфекциялауды қоса алғанда) жүргізе отырып, желдету жүйелері мен ауаны баптау жүйелерінің үздіксіз жұмыс істеуін;

3) санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың (температураны өлшеу, персоналға нұсқау беру, жеке қорғаныш құралдарын уақтылы ауыстыру, дезинфекциялау, жуу және антисептикалық құралдардың қажетті қорын қадағалау, нұсқама жүргізу журналын жүргізу, маскаларды, респираторларды, сулықтарды жинау, жабдықтар мен мүкәммалды өңдеу, үй-жайларды жинау) сақталуына жауапты адамды тағайындауды;

4) кіреберісте және залдарда, дәліздерде, лифтілерге, санитариялық тораптарға кіреберісте тері антисептигі бар санитайзерлерді орнатуды;

5) қызметкерлер арасында жеке/өндірістік гигиена ережелерін сақтау және олардың мүлтіксіз сақталуын бақылау қажеттілігі туралы нұсқама жүргізуді;

6) санитариялық тораптарды жеке гигиена құралдарымен (сұйық сабын, антисептиктер);

7) халыққа маскамен қызмет көрсетуді;

8) техникалық персоналмен (тазалаушылар) жеке қорғаныш құралдарын (қолғап, медициналық маска) пайдалана отырып, арнайы киімде дезинфекция жүргізуді;

9) жинау мүкәммалын пайдаланғаннан кейін (шелектер, щеткалар, шүберектер) арнайы бөлінген орындарда тиісінше сақталуын;

10) жұмыс орындарын және келушілерге арналған бөлмелерді әрбір 2 сағат сайын желдетуін;

11) өндірістік және тұрмыстық бөлмелерді, есік тұтқаларын, ажыратқыштарды, тұтқаларды, сүйеніштерді, байланыс беттерін (жабдықтарды, мүкәммалды, үстелдерді, орындықтарды), жалпы пайдалану орындарын (киім ілетін орындар, тамақ ішу, демалу бөлмелері, санитариялық тораптар) міндетті түрде дезинфекциялай отырып, күніне кемінде 2 рет

вирулицидтік әсер ететін құралдармен дезинфекциялай отырып, ылғалды жинауды жүргізуді;

12) бөлмелерді жинауға, қызметкерлердің қолдарын өңдеуге, тыныс алу органдарының ЖҚҚ арналған дезинфекциялық және жуу құралдарының азайтылмайтын (кемінде бес күн) қорын;

13) денсаулық жағдайы бойынша қарсы айғақтары жоқ кәмелетке толған адамдарды дезинфекциялау құралдарымен жұмысқа жіберуді;

14) дезинфекциялау құралдарын дайындаушының қаптамасында, балалардың қолы жетпейтін, арнайы бөлінген құрғақ, салқын және қараңғыланған жерде тығыз жабылған сақтауды қамтамасыз етеді. Дезинфекциялық іс-шараларды жүргізу және кездейсоқ улану кезіндегі алғашқы көмек кезіндегі әрбір нақты дезинфекциялық құрал үшін оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықтарда жазылған.

Келушілерге қойылатын талаптар

78. Күту аймағында:

1) кіреберісте келуші музейде болу ережелерімен және ақпараттық стендтерде орнатылған экскурсия маршрутымен танысады;

2) отыратын орындар қашықтықты сақтай отырып орналастырылады;

3) күту аймағына келушілер 15-30 адамнан тұратын топтармен кіреді (музейдің экспозициялық залдарының ауданына байланысты: 100 шаршы метрге дейін - 15 адам, одан астам - 30 адам).

79. Объектіге кіру негізгі кіреберістен жүзеге асырылады.

80. Келуші кіреберісте билетін ұсына отырып объектінің ішіне кіреді және санитариялық шараларды (антисептик, 2 метр қашықтықты сақтау, медициналық масканың болуы) сақтай отырып, күзет тексерісінен өтеді.

Келушінің медициналық немесе мата маскасы болмаған жағдайда, оны сол жерде таратылуы мүмкін.

81. Залдардың аймағында:

1) келушілер бір-бірінен екі метр ара-қашықтықты сақтай отырып, кіреберісте көрсетілген маршрут бойынша залды қарайды;

2) залдың периметрі бойынша қауіпсіздік шаралары бар ақпараттық стендтер және залға кіреберісте антисептикалық құралдар орналасқан.

82. Залдардан шығу келесі тәртіпте жүзеге асырылады:

1) келушілер көрсетілген бағыттар бойынша залдан 2 метр ара-қашықтық қауіпсіздік шараларын сақтай отырып шығады;

2) залдан шығу сызбаға сәйкес, музей қараушылары мен бақылаушылардың ілесіп жүруімен.

7-тарау. Мемлекеттік кітапханалардың қызметіне қойылатын талаптар

83. Ғимаратқа кіреберісте дезинфекциялық құралмен суланған дезинфекциялық кілемше орналастырылады.

84. Кітапхананың ашылуы алдында дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, толық тазалау жұмыстары (оның ішінде жиһаздың, қабырғалардың және басқа да заттардың беттерін дезинфекциялау құралдарымен тазалау және өңдеу) жүргізіледі.

85. Қызметкерлер мен келушілердің дене қызуын бақылау жанасатын немесе жанаспайтын тәсілмен жүргізіледі.

86. Кітапхана әкімшілігі келушілердің оқу залдарында бір мезгілде объектінің жобалық қуатының 50%-ке дейін болуын қамтамасыз етеді, үстелдер арасындағы қашықтық кемінде 2 метр және орындықтар арасында 60 сантиметр болуы тиіс.

Оқырмандарды кітапханаға жіберу маска болған жағдайда ғана жүзеге асырылады

87. Кітапхана қызметкерлері қорғану құралдарымен (маскалар, қолғаптар, қорғану экрандар) қамтамасыз етіледі, болмаған жағдайда жұмыс істеуіне жол берілмейді.

88. Респираторлық инфекцияның кез-келген белгілері бар қызметкерлер жұмысқа, сондай-ақ оқырмандар кітапханаға (қызуы жоғары, жөтел, тамақ ауруы, тыныс алудың қиындауы) жіберілмейді.

